

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Қ. С. Жайлаубаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БӘЙТЕРЕК

ОҚУЛЫҚ

8-сынып

1-бөлім

2-басылымы, өңделген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

«Көкжиек-Горизонт»
2020



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Қ. С. Жайлаубаева

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова ж. б. 1-бөлім. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020. — 144 б.

ISBN 978-601-7832-62-9

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-61-2 (1-бөлім)
ISBN 978-601-7832-62-9 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2020

Құрметті жас дос!

Сен 7-сыныпта «Бәйшешек» оқулығы бойынша алған біліміңді енді «Бәйтерек» оқулығы арқылы кеңейтесің, қазақ тілін одан әрі терең меңгересің. «Бәйтерек» сөзі «зәулім ағаш», «өмір ағашы» деген ұғымдарды білдіреді. Бәйтерек — тамырын өте тереңнен алатын, биікке ұмтылып, жайқалып өсетін, киелі ағаш. Сондықтан «Бәйтерек» оқулығы арқылы сен де қазақ тілін терең игеріп, біліміңді шыңдайсың. Бай да қуатты қазақ тілінің қыр-сырын меңгересің.

«Білім. Ғылым. Инновация», «Жаһандық энергетикалық дағдарыс», «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер», «Қазақстанның су ресурстары», «Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш» тақырыптары өзіңді қоршаған әлемді сақтауға, өз еліңді, жеріңді қорғауға жетелеп, туған жерің туралы мақтаныш сезіміңді қалыптастырады. «Достық пен татулық — таптырмас бақыт», «Кәсіп — бақыттың шырағы, Еңбек — ырыстың бұлағы», «Тарихи тұлғалар тағылымы», «Қызым — жағадағы құндызым, ұлым — аспандағы жұлдызым», «Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті» тақырыптары арқылы қазақ халқының бай тарихынан мағлұмат аласың. Көптеген жаңа ақпаратпен танысасың. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы» тақырыбы еліңнің өткені мен болашағын зерделеуге шақырады. Еліңнің болашағы сенің қолыңда екенін түсінесің. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айтуға үйренесің.

«Бәйтерек» оқулығы сені әлемге танымал ақын-жазушылардың әдеби шығармаларымен таныстырады. Тәкен Әлімқұловтың «Қараой», Шыңғыс Айтматовтың «Кассандра таңбасы», Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармаларынан үзінділер оқисың. Абай Құнанбайұлы, Төлеген Айбергеновтің өлеңдерінен тәлім-тәрбие аласың. Әдеби тілде сөйлеуге жаттығасың. Қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімің бәйтерек ағашы секілді сені биіктерге жетелейді. Түрлі тапсырмаларды қатесіз орындау арқылы сөздік қорың көбейіп, қазақ тілінде ауызша да, жазбаша да ойыңды жеткізе алатын боласың. Бәрі өз қолыңда!

Білім жолындағы сапарың сәтті болсын, жас дос!

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы сөз болатын мәселені болжауды;
- автордың көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтауды;
- тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, мәтін құрауды;
- ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін бақылап, салыстыруды, талдауды;
- публицистикалық стильдің (интервью) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтауды;
- мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдауды;
- мәтіндердің жанрлық, стильдік ерекшелігін сақтап, интервью жазуды;
- болжалдық сан есімдерді жазбаша, ауызша жұмыстарда орынды қолдануды **үйренесің**.

Мен армандайтын мектеп

1-2-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

артықшылық, талап,
өзекті, білімпаз, кісі,
кемшілік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойып жаз. Өзің қалаған бір нақылдың мағынасын айт.

1. Ғылым — ..., білім — қайық.
2. Ғылым таппай мақтанба, орын ... баптанба (Абай).
3. Отан ... отқа түс, күймейсің.

Қажет сөздер: таппай, үшін, теңіз.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай мектепте оқисың?
2. Оқып жүрген мектебің ұнай ма?
3. Сенің мектебің несімен ерекшеленеді?

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Бұл қандай мектеп? Оны «жаңашыл мектеп» деп атауға бола ма? Сенің ойыңша, инновациялық мектеп қандай болуы керек? Сенің мектебің қандай? Сипатта.



ТІЛДІК БАҒДАР

Болжалдық сан есім

Болжалдық сан есім заттың санын дәл білдірмей, шамасын болжалдап көрсетеді де *қанша? қаншада?* сияқты сұрақтарға жауап береді.

Болжалдық сан есімнің жасалу жолдары:

1) есептік сан есімдерге **-лаған/-леген, -даған/-деген, -таған/-теген, -дай/-дей, -тай/-тей** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: *жүздеген, отыздаған, қырықтаған, жетпістей, тоқсандай* т. б.

2) есептік сан есімдерге әуелі көптік жалғауы, оның үстіне **жатыс септік жалғауы (-да/-де, -та/-те, -нда/-нде)** жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: *(жасы) елулерде, (сағат) ондарда, бестерде, тамыздың алтыларында* т. б.

3) есептік сан есімдердің **қосарлануы** арқылы жасалады. Мысалы: *он-он бес, қырық-елу, жетпіс-сексен, қырық-елудей, елу-елу бестерде* т. б.

4) есептік сан есімдерге **шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын** сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *жүз шамалы, мыңға тарта, отызға жақын* т. б.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдегі сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып жаз.

1. Биыл 1-сыныпқа (90) оқушы қабылданды. 2. Екінші қабаттағы сыныптарға (50) компьютер қойылды. 3. (5000) кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді. 4. Мектепте (10) үйірме бар. 5. Үйірме жетекшісі Мақсат ағайдың жасы (45). 6. Мектепте (80) білімпаз мұғалім сабақ береді.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.

- Саша, сәлем! Оқу жылының басталуымен құттықтаймын!
- Рақмет, Әлібек, сені де құттықтаймын!
- Мектебінде қандай инновация бар?

— Біздің мектебіміз жаңа, сондықтан көп **артықшылығымыз** бар. Сексеннен аса кең әрі жарық кабинет бар. Олардың барлығы **талапқа сай**. Жаңа компьютермен жабдықталған, ғаламтор қосылған. Бес мыңдай кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді. Мұғалімдеріміз де — **білімпаз** кісілер. Бізге басқа не керек?



— Солай деп ойлайсың ба? «**Өзекті** мәселе шешілген, **кемшілік жоқ**», — дейсің ғой?!

— Айтпақшы, ұмытып барамын, мектепте жүзу бассейні бар. Он шақты үйірме жұмыс істейді: би, домбыра, қазақша күрес, самбо, таэквондо, тоғыз-құмалақ және тағы басқа...

— Оның бәрі жақсы-ау... Бірақ қазір мектептер **жаңаша** жұмыс істей бастады ғой.

— Сонда бұлар инновация емес пе?

— Қазір **өркениетті** елдердің мектептерінде оқушылар сабақты өздері **таңдап оқиды** екен...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогтегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Сөздікті пайдалан. Мәтіннен құрамында болжалдық сан есім бар сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосалқы ойды анықта.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Сашаның мектебінде жиырма шақты үйірме жұмыс істейді.		
Оның мектебінде елуден аса кабинет бар.		
Сашаның мектебі — инновациялық мектеп.		
Жүздеген мектепте оқушылар сабақты өздері таңдап оқиды.		
Кабинеттер компьютермен жабдықталған, интернет қосылған.		
Мектепте білімпаз мұғалім көп.		
Сашаның мектебінің кемшілігі жоқ, артықшылығы көп.		

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Диалогке сүйеніп, Әлібек пен Сашаның көңіл күйі туралы айтыңдар. Төмендегі кестеге сүйеніп, екі оқушыға мінездеме беріңдер. Олардың жаңашыл мектеп туралы ойларына назар аударыңдар. Әлібек білетін инновациялық мектеп қандай болуы мүмкін? Болжап айтыңдар.

өз мектебін мақтан етеді	мектепте инновация болуын қалайды
жаңа мектепте оқығанына қуанады	өзін бақытты сезінеді
ұстамдылық танытады	мектептегі инновацияны басқаша түсінеді
жаңашылдыққа құмар	өркениеттен хабардар
жаңашылдықты техникамен ғана байланыстырады	эмоцияға берілгіш
мысқылшыл	аңғал



ТЫНДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

10-тапсырма. Диалогті тыңда. Мәтінге сүйеніп, жаңашыл мектептің ерекшелігін жаз. Тірек сөздерді қолдан.

Тірек сөздер: өзі таңдау, мүмкін емес, сабақ кестесі, өзі жасау, қатал талап, өзін-өзі басқару.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Өзің қандай мектепте оқуды армандайсың? Алдымен ойыңды сызба түрінде жаз, ауызша айт. Өз сөзіңде жаңа сөздерді қолдан.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Топқа бірігіңдер. Жағдаят: өздеріңе 1-тоқсанға арналған сабақ кестесін жасауға мүмкіндік берілді. Сабақ кестесін жасауға қойылатын талаптармен танысыңдар. Өзара ақылдасып, сабақ кестесін құрыңдар. Диалогте болжалдық сан есімдерді қолданыңдар.

13-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. Тақырып: «Сабақ кестесін өзіміз жасасақ...».

қалпақтар	қалпақтардың қызметі	сұрақтары
	Сабақ кестесін жасау туралы айтады.	Сабақ кестесін жасауға қатысты не білесің?
	Сабақ кестесін оқушының өзі жасауының артықшылығын айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Сабақ кестесін оқушының өзі жасауының кемшіліктерін айтады.	Сабақ кестесін оқушы өзі жасағанда қандай кемшілік болуы мүмкін?
	Сабақ кестесін оқушының өзі жасауының тиімділігін айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Сабақ кестесін оқушының өзі жасауына қатысты эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ЕСТЕ САҚТА!

Жаңашыл мектептерде оқушылар сабақ кестесін өздері жасайды. Сабақ кестесін жасауға қойылатын талаптар бар. Өзін-өзі басқару талаптарын үйренемін.

Электронды кітапхананы пайдаланамын

3-4-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

зертхана, әзірле, құлтемір,
үздік, зияткерлік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазір жиі пайдаланылатын сайттар инновацияға жата ма?
2. Оқушыларға арналған қандай сайттарды білесің?
2. Сен сайттарды не үшін пайдаланасың?
3. Өміріңді интернетсіз елестете аласың ба?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. www.erketai.kz сайты пайдаланып, жұмбақтардың шешуін тап. Жұмбақтардан күшейтпелі шырайы бар сөйлемдерді көшіріп жаз.

- Жіп-жіңішке денесі,
Ортасында шегесі.
Үрлесең — жеп-жеңіл,
Елпілдеп кетеді.
Ұшырсаң — көк теңбіл,
Бұлтқа да жетеді.
- Керек санды тересің,
Елге сәлем бересің.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Ол туралы білетініңді айт.





ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Алдымен мәтінде кездесетін төмендегідей фразеологизмдердің мағынасын анықтап ал: *күрт дамыды, көзді ашып-жұмғанша, аспандағы ай сияқты, азуын айға білеген, шаш етекпен.*

1. Ғылым мен білімнің дамуына не әсер етті?
2. Интернет бұрын қандай еді? Қазір ше?
3. Интернетте қандай үлкен желілер бар?
4. Әлеуметтік желінің қандай пайдасы бар?
5. Ақпарат іздеуге қанша уақыт керек?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы, оның не туралы екенін айт.

Ең маңызды инновация — электронды кітапхана

Қазіргі уақытта оқушыларға арналған театрлар, саябақтар, арнайы ойын алаңдары, телебағдарламалар бар. Бірақ солардың ішінде балалардың көңілінен шығатын, оқушыларға арналған он шақты сайттың рөлі ерекше. Қазір бізде «Балбұлақ» атты балаларға арналған электронды журналдың www.balbulaq.kz сайты, «Балапан» телеарнасының www.balapan.kaztrk.kz сайты, балалардың білімін шыңдайтын www.bilimpaz.kz сайты, www.balalar.ucoz.com, www.balalaralemi.kz және тағы басқа сайттар бар. Сонымен бірге балалар мен ата-аналарға арналған www.erketai.kz сайты бар.



Бұл сайттардың көмегімен **жоба әзірлеу** үшін қажет ақпарат аламын, **зертханалық жұмыстар** жасаймын. Бұл сайттарда жаңалық, қызық кітап, ертегі көп. Өзіме ұнайтын **құлтемірлер жайлы** материал, **зияткерлік бағдарлама** да мол.

Маған бәрінен де электронды кітапхана ұнайды. Оның «Жаңа кітаптар», «Қазақша кітаптар», «Өлеңдер жинағы» және т.б. **үздік айдарлары** бар. Қажет кітабымды тауып, тапсырыс жасаймын. Міне, мен үшін білімдегі инновацияның рөлі осындай.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Тірек сөздерді қатыстырып, мәтін мазмұны бойынша күрделі жоспар жаз.

Тірек сөздер: зертхана, әзірле, құлтемір, үздік, зияткерлік.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Электронды кітапхана қандай қызмет атқарады?
2. Кейіпкердің көңіл күйі қандай? Ойыңды дәлелде.
3. Сен электронды кітапхананы пайдаланасың ба?

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына болжалдық сан есімдерді қойып, сөйлемдерді оқы.

Білім мен ғылымдағы инновация осыдан ... жыл бұрын күрт дамыды. Ол біздің қоғамға интернеттің енуімен тікелей байланысты болды. Интернетте ең танымал ... әлеуметтік желі бар. Онда оқулықтар мен рефераттар, түрлі суреттер ... саналады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Диалогті аяқтаңдар.

- Электронды кітапхананы пайдаланасың ба?
—
- Электронды кітапханаға қай сайттан кіресің?
—
- Сен қолданатын электронды кітапханада қандай үздік айдарлар бар?
—
- Онда қандай шығармаларды оқыдың?
—
- Қағаз кітапты оқуды ұмытқан жоқсың ба?
—

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жағдаят: досың Т.Сұлтанбековтің «Ғажайып планета» атты шығармасын кітапханадан таба алмапты. Досың саған телефон соғып, электронды кітапхана туралы сұрады. Сөйлесіңдер.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Электронды кітапхана — инновация белгісі» тақырыбында эссе жаз.

Эссенің құрылымы:

Кіріспе бөлім: тақырыпқа қатысты 2 тезис.

Негізі бөлім: 1-тезиске қатысты ой-пікір, оларды дәйектейтін материал (дерек, дәйексөздер, статистикалық мәлімет). 2-тезиске қатысты ой-пікір, оларды дәйектейтін материал (дерек, дәйексөздер, статистикалық мәлімет).

Қорытынды: кіріспе бөлімдегі ойды түйіндеу.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Білім мен ғылымдағы инновация осыдан он бес-жиырма жыл бұрын күрт дамыды. Маған электронды кітапхана ұнайды. Онда зертханалық жұмыс әзірлеймін, жаңа құлтемірлер туралы ақпарат аламын. Үздік айдарларға кіріп, зияткерлік бағдарламаларды қараймын.

Жоба жұмысын орындадым

5-6-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

жаратылыстану, қоғамтану, ошақ, бөлін, түйін, ертелі-кеш, жеделдет

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сабақта интернеттің қызметін пайдаланасың ба?
2. Өздік жұмыстарды орындауда интернеттің рөлі қандай?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің ішінен білім-ғылымға қатыстыларын теріп жаз. Мағынасын түсіндір.

- Диқан жерін мақтайды, Білекті бірді жығады,
- Ұстаз шәкіртін жақтайды. Білімді мыңды жығады.
- Барына разы бол, жоғына сабыр ет. Ақыл көпке жеткізер,
- Қына тасқа бітеді, Өнер көкке жеткізер.
- Білім басқа бітеді.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздердің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып, «Ақпараттық мәдениет» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз.

Керек сөздер: *жаратылыстану, қоғамтану, ошақ, бөлін, түйін, ертелі-кеш, жоба, зияткерлік ойындар, жеделдет.*

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бүгін «Қазақ тілі» сабағында жоба жұмысын қорғадым. Тақырып: «Менің болашақ үйім». Өзім үшін тақырып қызық әрі өзекті болды. Себебі менің арманым — **жекежайда тұру**. Бос уақытта ғаламтордан екі-үш қабатты жекежайлардың суреттерін тамашалағанды ұнатамын. Соларға қарап, болашақ үйімді **көзіме елестетемін**.

Жобаны жасау үшін **жеделдетіп** ғаламтор сайттарын қарадым. **Ертелі-кеш** соны ойладым, **зияткерлік** бағдарламаларды іздедім. **Ойым онға, санам санға** бөлінді.

Болашақ үйімнің сызбасын он шақты күнде өзім жасадым. Ағаштан салынатын екі қабатты үлкен үйдің терезелері тауға қарайды. Ауланың төртке жуық аумағына арша мен шырша отырғызамын. Есіктің алдындағы **хауыздың** айналасына алуан түрлі гүлдер егемін. Аулаға бес-алты аңның, құстың мүсіндерін орналастырамын. Қақпаның екі жағына **мәжнүн талын** егемін.

Есік алдындағы террасадағы аспалы құмырада гүл өседі. Жаяу жолдың екі жағына онға жуық **аспалы шам** ілемін.

Менің жұмысым «Ең үздік жоба» **аталымына** ие болды. Инновациялық технология армандаған үйімнің жобасын жасауға көмектесті. Ал мен оны әлі де терең игеруді қалаймын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінге тақырып қой. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасы мен жасалу жолын түсіндір. Мәтінде қолданылған болжалдық сан есімдерді тап.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретке қара. Суреттегі үйді мәтіндегі Әлібек жасаған үйдің жобасымен салыстыр. Ортақ белгілері мен ерекшеліктерін айт.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, жекежайдың безендірілуіне қатысты заттардың аты жазылған диаграмма жаса. Диаграмманың негізінде үйдің сыртқы көрінісін сипаттап айт.

Үлгі: аспалы шам, аңдардың мүсіні,

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі ақпарат негізінде парталас досыңмен Әлібектің жобасы туралы диалог құр. Диалогте фразеологизмдер мен болжалдық сан есімдерді қолданыңдар.

Үлгі:

- Әлібектің жобасы қандай тамаша!
- Иә, өте әдемі шыққан!
- Маған үйдің ағаштан салынатыны ұнады. Саған ше?
-

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздер мен тұрақты тіркестерді пайдаланып, Әлібектен үздік жобасы туралы интервью ал. Алдымен қоятын сұрақтарыңды әзірле.

Қажет сөздер: жоба жұмысы, талмай іздену, көзді ашып-жұмғанша, жеделдету, бөлін, көздің жауын алады, әлеуметтік желілер, жүрегі лүпілдеу, ертелі-кеш, жүзі бал-бұл жайнады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Инновациялық технологияның менің өмірімдегі орны» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз. Онда білім мен ғылымдағы жаңалықтар мен ақпараттық технологияның маңызы туралы баянда. Мәтін 120–130 сөзден тұрсын.

ЕСТЕ САҚТА!

«Менің болашақ үйім» тақырыбында жоба жұмысын дайындадым. Мұғалім ғаламтор сайттарын, басқа да дереккөздерді пайдалануға кеңес берді. Мен инновациялық технологияны қолданып, талмай іздендім. Өйткені жоба тақырыбы өзекті әрі қызық болды.

Т. Сұлтанбеков «Ғажайып планета»

7-8-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

*жарықтандыр, тың, зиялы,
тіркелуші, нақты*

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша Талап Сұлтанбековтің түйіндемесін жаз.

Талап Сұлтанбеков — жазушы, журналист. Ол — қазақ әдебиетінде фантастика жанрының дамуына ерекше үлес қосқан суреткер, зиялы тұлға. Қаламгер тың тақырыптағы «Көшпелі алтын», «Лұқман хакім», «Жүрек тулайды», «Жұлдыз ат», «Тізгін», «Темір еліне саяхат» секілді шығармалар жазды. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын насихаттаушы, республикалық дәрежедегі төреші, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы.

Т. Сұлтанбеков 1930 жылы Алматы облысы Ақсу ауданында туған. 1955-1959 жылдары «Жетісу» газетінде, 1962-1970 жылдары «Білім және еңбек» журналында жұмыс істеді.

1970-1985 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында қызмет етті.

1985-1991 жылдары Бүкілодақтық «Киноорталық» бірлестігінің қазақ бөлімінде директор болды. Жазушының аты ел тарихына алтын әріппен тіркелді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Интернет материалының негізінде Талап Сұлтанбековтің тұлғасын ашу үшін замандастарының пікірлерін тауып жаз. Олардың ойын дәйексөз ретінде қолданып, жазушы туралы өз пікіріңді түйіндеп айт.

Дәйексөз — өзге автордың сол қалпында, өзгертпей алынған сөзі. Сөйлеуші дәйексөзді өзінің ойын дәлелдеу, пікірін өтімді етіп жеткізу мақсатында қолданады. Дәйексөзді қолдану үлгісі: «.....», — *деді Мұхтар Әуезов. Мұхтар Әуезов: «.....», — деді. Мұхтар Әуезовтің пікірінше, «.....».*

ЕСТЕ САҚТА!

ТҮЙІНДЕМЕ

Түйіндеме — белгілі бір қызметке тұру үшін жеке тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіби шеберлігі, біліктілігі жайлы қысқа да нұсқа мағлұмат беретін ісқағаз.

Түйіндеме кең көлемдегі визит карточкасы іспетті. Түйіндеме жазудағы мақсат: үміткердің өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесін, жеке қабілетін ұтымды көрсету арқылы таңдаған қызметіне қол жеткізу. Түйіндеменің сауатты рәсімделуіне көңіл бөлу керек. Түйіндемеде мәлімет ықшам әрі нақты берілуі тиіс.

Түйіндемеде үміткердің еңбек өтілі туралы мәлімет кері хронологиялық тәртіпте беріледі.


Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- | | |
|--------------------------------------|---|
| • құжаттың аты; | • үміттеніп отырған орны; |
| • үміткердің аты-жөні; | • кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі; |
| • туған жылы, күні, айы, туған жері; | • тілдік дағдылары; |
| • ұлты; | • компьютерлік сауаттылығы; |
| • жынысы; | • жеке қасиеті (үміттеніп отырған қызмет орнына бейімділігін ашатындай болуы тиіс); |
| • мекенжайы; | • қызығушылығы; |
| • байланыс телефондары; | • қосымша ақпарат (мақтау грамоталары, сертификаттар, марапаттар, патенттер т.б.) |
| • отбасы жағдайы; | |
| • азаматтығы; | |
| • білімі; | |
| • бітірген оқу орындары; | |

Барлық дерек азатжолсыз жазылады, бірақ әр дерек жаңа жолдан басталады. Құжаттың соңына жазылған күні көрсетіліп, толтырушының қолы қойылады.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өзің оқыған 2-3 фантастикалық кітап туралы жаз. Кітаптың авторы, аты, мазмұны туралы қысқаша мәлімет жаз.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4-тапсырма. Тыңда. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

«Байқоңыр-12» өзіне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындады. Экипаж кемедегі жұмыстың бәрін автокосмонавқа **жүктеп**, үш айлық терең ұйқыға кеткен. Мұндай алыс жолдарды космонавтар **анабиоздық ұйқыда** өткізеді.

«Байқоңыр-12» кемесі космос әлемін жарықтандырып, үнсіз жүзіп келеді. Ең ақыры **жасанды адам** физиомеханикалық Кибер де «шешініп» жатып қалған. Кенет «апат» **аппаратының кернейі** сарнап қоя берді. «Байқоңыр-12» жүрісін баяулатып қалыпты. Алдымен Кибер оянды. Ол жан ұшырып механик Осиповты жұлқылады. Әп-сәтте бүкіл экипаж аяғынан тік тұрды. Осипов электрондық миды іске қосты.

— Не боп қалды? Нақты айт!

— «Байқоңырға» міндетті түрде қону керек!

Электрондық ми аса бір үлкен қауіп болмаса, космос кемесіне қону керек екенін айтпайды.

Экспедиция жинап қайтқан материал тың әрі өте құнды еді. Оны аман-есен адамзат ұрпағына жеткізу — **бұлжымас борыш**. Экипаж мүшелерінің әрқайсысы өзінің жұмыс орнында. Жинаған **материалды сұрыптап**, тіркеуші космостық қобдиша-ракеталарға салып жатыр. «Байқоңыр» **анау-мынау боп кетсе**, материал өлмесін». Бәрінің ойы осы.

Т. Сұлтанбековтен

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін, антонимдерін, омонимдерін тауып жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Тірек сөздерді анықта. Мәтіннен қазіргі қазақ тілінде баламасы бар сөздерді тап. Шығармада ол сөздер не үшін қолданылғанын айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұнынан түсінгеніңді айт. Автордың негізгі ойы қай абзацта айтылған? Ойыңды дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Шығарма неге «Ғажайып планета» деп аталған? «Жарықтандыр», «тың», «зиялы», «тіркелуші» сөздерін қолданып, өз пікіріңді айт.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Т. Сұлтанбековтің шығармашылығына қатысты сөзжұмбақ құра. Сөзжұмбақ сұрақтарының танымдық мәні бар, түсінікті болуын ескер. «Ең үздік сөзжұмбақ» сайысын ұйымдастырыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Экспедиция жинап қайтқан материал тың әрі өте құнды еді. Оны аман-есен адамзат ұрпағына жеткізу — бұлжымас борыш. Экипаж мүшелерінің әрқайсысы өзінің жұмыс орнында. Жинаған материалды сұрыптап, космостық тіркелуші қобдиша-ракеталарға салып жатыр. «Байқоңыр» анау-мынау боп кетсе, материал өлмесін». Бәрінің ойы осы.

Ғажайық планета — жанды планета

9-10-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

тағылымдама, дәреже,
шыңда, жөнінде, шоғырлан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сабақ тақырыбындағы «жанды планета» деген сөзді қалай түсінесің?
2. Бұл сөздің Т.Сұлтанбеков шығармасымен байланысы болуы мүмкін бе? Болжамыңды айт.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі фразеологиялық тіркестердің мағынасын көрсетіп, синонимдерін тауып жаз. Оларды «Ғажайып планета» атты фантастикалық шығарманы сипаттауда қалай қолданар едің?

Көз майын тауысу, ит арқасы қиянда, инемен құдық қазу, жүрегі жарылу, жерден жеті қоян тапқандай, маңдай терін төгу, қиындықта шыңдалу, тағылымдамадан өту, биік дәрежеге жету.

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Тыңда. Оқы

...Тұранов аз-кем үнсіз отырды да сөз алды:

— Мен білсем, біз үлкен тағылымдамадан өттік. Біздің көргеніміз — **космос әлеміндегі ең бір сирек ұшырасатын ғажайып құбылыс**. Жаңағы бізді тұтқындаған планетаның жаны бар болып шықты.

— Жаны бар ма?

Экипаж мүшелері айран-асыр болып, үрпиісіп қалды.

— Бүтіндей бір планетаның алып жануар болуы мүмкін бе? Бұл ақылға сыймайтын жағдай екен, — деді Мариям. — Айтып отырғаныңыз тіпті космоста **тіршіліктің пайда болу заңына да қайшы** ғой.

— Сіз өзіңіз қалай пайда болдыңыз? — деді Тұранов. — Космостық табиғаттың адам сияқты тірі организмді дүниеге тудыруы заңдылық емес пе!? Бұл да сондай бір құбылыс. Жер бетіндегі тіршілік ауа райына байланысты мың

құбылған формада өсіп-өнді. Ал бұл планетаға ондай форманың қажеті жоқ. **Олар ортақ биогравитациялық заңға бағынған.**

— Біз осындай алып планетаның тартылыс күшін қалайша жеңдік? — деп сұрады Оразов.

— Мен алдымен планета үстіндегі жәндіктердің азайғанын, **олардың қозғалыстарының саябыр тапқанын байқадым.** Содан кейін дүңкілдеп соққан жүректің дыбысы естілді. Ол — осы планетаның алып жүрегі болуы ғажап емес. **Жүрек соққанда жан-жаққа жылы леп тарап, ол бүкіл планетаны ұйқыға баурайды екен.** Планета бір **космостық тәулікте** ұзақ уақыт ұйқыға кететін көрінеді. «Байқоңырдың» биогравитацияны жеңіп шыға алуы да осы ұйқының арқасы.

Экипаж мүшелері тым-тырыс қалды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Шығарманы оқып, әңгіме мазмұнымен сәйкесетін тақырыпшаларды анықта. Ойыңды дәлелде.

- 1) Ең таяу қос жұлдызға бұрылу жөніндегі ұйғарым
- 2) Орбитадағы қаптаған ұсақ денелер
- 3) Биолог Тұрановтың қуанышы
- 4) Космос балықтарын қызықтау
- 5) Турановқа әсер еткен белгісіз күш
- 6) Бөгде планетадағы тіршілік
- 7) Ғалым Тұрановтың зерттеулері
- 8) Сыртқы экспедицияға шығуға дайындық
- 9) Шоғырланған шешім

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын тірек сөйлемдерді жаз.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төмендегі тақырыпшаларды мәтін мазмұнының жүйесімен сәйкестендір.

Тақырыпша	Мәтін жүйесі
Тіршіліктің белгілері	○
Космостағы тіршілік заңы	○
Алып жүректің дүрсілі	○
Ғажайып құбылыс — жанды планета	○
Байқоңырдың жеңісі	○
Биогравитациялық заң	○
Оң шешім, нақты әрекет	○

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге ат қой. Өз пікіріңді дәлелде. Мәтін мазмұнын кластер түрінде жүйелеп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Аквариум» рөлдік ойыны. Мәтін мазмұны бойынша тележурналист пен «Байқоңыр-12» экипажының мүшесі, ғалым Тұрановтың сұхбатын көрсетіңдер. Ол үшін ақылдасып, сұрақтарды жазыңдар. Сынып «Ең үздік сұхбатты» анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Талап Сұлтанбековтің шығармалары туралы белгілі бір тұлғаның сөзін тауып жаз. Түйін жаса.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жағдаят: інің фантастикалық шығарма оқығысы келетінін айтып, кеңес сұрады. Оған өзің білетін фантастикалық шығармалар жөнінде айт. Сөзіңде болжалдық сан есімдер мен фразеологиялық тіркестерді ретіне қарай қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.
Бас бармақ — басты мәселе. *Бүгінгі сабақ несімен құнды болды?*
Балаң үйрек — бірлесу. *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кім маған көмектесті? Өзім кімге көмектестім?*
Ортан терек — ойлану. *Бүгін қандай білім, дағдыға ие болдым?*
Шылдыр шүмек — шынайылық. *Маған сабақ несімен ұнады?*
Кішкентай бөбек — көңіл күй ахуалы. *Сабақта өзімді қалай сезіндім?*

ЕСТЕ САҚТА!

Мен білсем, біздің көргеніміз — космос әлеміндегі ең бір сирек ұшырасатын ғажайып құбылыс. Жаңағы бізді тұтқындаған планетаның жаны бар болып шықты.

— Жаны бар ма?

Экипаж мүшелері айран-асыр болып, үрпиісіп қалды.

«Рухани жаңғыру» – тарих пен инновацияның сабақтасмызы

11-12-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

қыш, түлек

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Досыңмен мектептегі өзің баратын не барғың келетін үйірме туралы диалог құр.




ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Олжас ақынның сөзінің мағынасын түсін. Мәтінді жазып ал.
Өлеңді жатта.

Қазып қалшы күрегіңмен Жер бетін,
Табасың сен көшпелі елдер бабасын.
Қарғап өткен қаныпезер жеңдетін,
Бабалардың нәлет сөзін табасың.
Тек қарғыс па?
Үміт отын табасың...
... Жылдар өтер, табысар адам баласы,
Қыл өтпестей тату болып арасы...

Олжас Сүлейменов



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңнің соңғы жолдарындағы ақынның ойын өз сөзіңмен таратып айт. Адамзаттың тарихи жолы мен жаһандану дәуіріндегі әрекеті туралы қандай тұжырым жасар едің?

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

«Тіл тарихы» үйірмесінің жетекшісі Зүбәйра апай **жазбаларды** зерттеген ғалым. Біз үйірмеде түркі тілдері, шумер тілдері туралы қызық мәліметтермен танысамыз. Апай: «Инновацияның басты мақсаты — жаңаны табу, **белгісізді** тану, **жоғалтқанды** іздей білу. Осы жолда ақпараттық технологияны пайдалану керек», — дейді.

Мен жақында интернеттен Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітаптың» тарихы жайында жазған сөзін тауып алдым. Ақын: «...Мен үшін поэма жылдан жылға поэзиялық та, тарихи да мән-мағынамен толыға түсуде. Ой-ниет ассириялық хроникаларда б.з.д. VII ғасырда болған нақты оқиға туралы хабарды оқығаннан кейін басталды», — дейді.

«Ғалым болу үшін өз тіліңе деген шексіз махаббат керек екен» деген ой түйдім. Көне жазбадан бір ғана сөзді «көре білу» керек! «Жаңашылдық» деген осы! Инновация — талмай іздену арқылы өткенді жаңғырту, болашақты болжау екен! Тұңғыш Президенттің «рухани жаңғыру» деген сөзінің мәнін енді түсіндім. Рухани жаңғыру — тарих пен инновацияның алтын көпірі!

«Қыш кітап» пен «Ғажайып планетаның» арасын байланыстыра алу да — инновация! Ғылым мен білімдегі жаңашылдық! Әрбір түлек осыны түсінсін!


ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта, жаз. Сөздіктің көмегімен олардың мағынасын түсіндір. Тірек сөздерді қолданып, мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Тарихи деректерді есіңде сақта.

Ой-ниет ассириялық хроникаларда б.з.д. VII ғасырда болған нақты оқиға туралы хабарды оқығаннан кейін басталған. Каспий өңірінің солтүстігінен келген көшпелілер Иранды басып өтіп, Ассирияға кірген. Оны бағындырып, жиырма сегіз жыл билеген. 200 жылдан кейін Геродот «Тарихын» жазған кезде осы оқиға туралы мәліметті кездестірген.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын тексер. Қате ойларды түзетіп айт.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Балалар үйірмеде қазіргі заман тілдері туралы қызық мәліметтермен танысады		
«Инновацияның басты мақсаты — ақпараттық технология-мен таныстыру», — дейді Зүбәйра апай.		
400 жылдан кейін Геродот «Тарихын» жазған кезде осы оқиға туралы мәліметті кездестірген.		
Рухани жаңғыру — бүгін мен болашақтың алтын көпірі!		

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі Зүбәйра апайдың сөзін дәйексөз ретінде төрт нұсқада жаз. Дәйексөзді қолдану үлгісі:

1. «.....», — деді ...
2.: «.....», — деді.
3. пікірінше, «.....».
4. Зүбәйра апай бізге ... екенін айтты.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Жағдаят: мектепте «Шығарма талдау» үйірмесі ашылғалы жатыр. Үйірме жетекшісі осы үйірмеде не туралы білгілерің келетінін сұрады. Онда қандай шығармаларды талдауды қалайсың? Өз ойыңды айт. Болжалдық сан есімдерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. Шығу парағы бойынша төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Нәтиже сабақта қандай тапсырмаларды орындағың келеді?

ЕСТЕ САҚТА!

Тарихи деректер көне жазбаларда сақталған. Инновация — белгісізді тану. Бір ғана бабалар сөзін «көре білу» терең зерттеулерге жалғасқан. «Рухани жаңғыру» — тарих пен болашақтың алтын көпірі. Әр оқушы мұны білуі тиіс.

Нәтиже сабақ. Мен не қйрендім?

13-14-
сабақтар

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- Мектебіңдегі оқу жүйесін өзгерткің келе ме?
—
- Сен армандаған мектеп қандай болуы керек?
—
- Сабақ кестесін өзің құруға мүмкіндік берілсе, не істер едің?
—
- Сен армандаған мектепте қандай үйірмелердің жұмыс істегенін қалайсың?
—
- Мектепте атақты ғалымдармен кездесу өткізу саған жүктелсе, кімдерді шақырар едің? Неге?
—

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтінді оқы. Негізгі деректерді жазып ал. Мәтіндегі ақпараттарды тақырып бойынша өтілген мәліметтермен байланыстырып айт. Болжалдық сан есімдерді қолдан.

Бабыл сына жазуы

Біздің заманымыздан бұрын 3-мыңжылдықтың II жартысында бабылдықтар мен ассириялықтар 300-дей белгі қолданған. Кейін Бабыл сына жазуы жетілдіріліп, дыбыстық жазуға ауысты. Мазмұнына қарай Бабыл сына жазуымен таңбаланған жазбалар ісқағаздар, тарихи оқиғалардың қысқаша баяны, эпостық жыр жолдары, сөздіктер және т.б. болып бөлінеді

И. М. Дьяконов

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың бірін таңда. Постер құр. Оны сынып алдында айт. Сөзіңде болжалдық сан есімдерді қолдан.

1. Мен армандайтын мектеп
2. Фантастикалық шығарманың ерекшелігі
3. Т. Сұлтанбеков — балалар жазушысы
4. Инновация — тарих пен болашақтың алтын көпірі

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Баскетбол» ойыны. Ойын екі кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің ұпай сандары қойылып отырады. Сынып төрт топқа бөлінеді. Тақтаға баскетболдың төрт тор себеті ілінеді. Ол себеттің біріне «Инновациялық мектеп», екіншісіне «Тіл үйірмесі», үшіншісіне «Т. Сұлтанбеков», төртіншісіне «Ғажайып планета» деп жазылады.

Бірінші кезеңде мұғалім алдын ала дайындаған сөздерді үлестіреді. Оқушылар өз парақшасындағы сөздердің қай тақырыпқа сай келетінін айтып, баскетболдың себетіне жапсырады. Дұрыс жапсырылған сөз саны бойынша әр топқа ұпай беріледі.

Екінші кезеңде әр топ өзіне бөлінген себеттегі сөздерді қатыстырып, «Оймоншақ» тәсілімен біртұтас мәтін құрап айтады. Қай топтың мәтіні сауатты, жүйелі құралса, сол топ «жеңімпаз» атанады.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

5-тапсырма. «Менің тақырып бойынша алған әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Мен таңсықпын тұяғы мен тұлпардың
Топшысына қыран бүркіт, сұңқардың.
Құмыраның қыл мойны мен қылышқа,
Қашап жазған қайсар жырға іңкәрмін.
Бақи уақыт,
Бақи тірлік,
Бақи құм....
Құпиясын тосып маған не қилы.
Толық айды түніменен сөндірмей,
Құс жолынан аспан жырын оқимын.

Олжас Сүлейменов

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдауды;
- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беруді;
- түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білуді;
- кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдауды, баға беруді;
- прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтауды, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беруді;
- тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беруді;
- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуды;
- тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдануды;
- бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдануды **үйренесің**;

Досыма сыйлық таңдаймын

1-2-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

сыйлық, назар, арзан, тым, уақтылы, кәдесей, қаражат

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерді қажет сөздермен толықтырып жаз.

Қажет сөздер: базары, сақал, достық, әркім.

1. Саудада ... жоқ.
2. Сауда ... сипағанша.
3. ... жақын байымас.
4. Базарға ... барар, өзіне керегін алар.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

- Сен қандай сыйлықты жақсы көресің?
- Өзің қандай сыйлық бергенді ұнатасың?
- Сыйлықты қолдан жасай аласың ба? Қолдан жасаған алғашқы сыйлығың қандай болды? Оны кімге сыйлап едің?

ТІЛДІК БАҒДАР

Бөлшектік сан есім

Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшегін білдіреді. Бөлшектік сан есімдер жай бөлшек және ондық бөлшек түрінде қолданылады. Бөлшектік сан есімдер бірінші санға шығыс немесе ілік септігі, екінші санға тәуелдік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *екі+ден бір (1/2), үш+тің бір+і (1/3)*.

Ондық сан есімдерге *бүтін* сөзі қосылып айтылады. Мысалы: *екі бүтін оннан төрт (2, 4)*. Қазақ тілінде бөлшектік сан есімдер *жарты, жарым, ширек* сөздерінің тіркесінен де жасалады: *екі жарым, бес ширек*.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Біз бүгін досым екеуіміз Айзеренің туған күніне барамыз. Жинаған азын-аулақ қаражатымыз бар. Оған қандай сыйлық алатынымызды әлі шешкен жоқпыз. Маған ұнаған сыйлық досыма ұнамады, оған ұнаған сыйлық маған ұнамады. Екеуіміз бір шешімге келе алмадық. Мен сыйлық таңдаудың қиын екенін білмеппін. Анама осы жайды баяндап бердім. Анам сыйлық таңдаудың ережесі барын айтты. Сендерді де осы ережемен таныстырайын.

Сыйлық берген кезде төмендегі нәрселерді назарға алған жөн:

- туған күнге бүкіл отбасы емес, туған күн иесінің өзі ғана қолданатын зат сыйла;
- сыйлық не кәдесыйды туған күн өткеннен кейін сыйлауға болмайды, сондықтан сыйлығыңды алдын ала беріп қой;
- сыйлық ретінде ақша сыйлаған дұрыс емес, ол адам сен үшін шынайы қымбат болса, уақытыңды бөліп, оны қуантатындай сыйлық таңда;
- өте қымбат сыйлық бермеген жөн, қымбат сыйлық адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыруы ықтимал. Өте арзан сыйлық оған ұнамауы мүмкін, сондықтан оның көңілінен шығатындай сыйлық ал;
- сыйлықтың безендірілуіне мән бер;
- өзіңе сыйлаған сыйлықты беруге болмайтынын жадында сақта;

- күшік, мысық, тотықұс және т.б. сыйлықтарды сол үйдің отбасы мүшелерінің рұқсатымен сыйлау керектігін ескер;
 - сыйлықты кіреберісте беруге болмайды, оны қонақбөлмеде асықпай, жылы лебіңді айтып, сыйлауды әдетке айналдыр;
 - сыйлығың көңілінен шықса, туған күн иесі ерекше қуанатынын ескер;
 - ақшалай сыйлықты конвертке салып бер;
 - тым нашар сыйлық бергеннен гөрі бермеген дұрыс.
- Осы ережелерді жадында ұстасаң, сыйлық беру мерекеге айналары сөзсіз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілінің құрылымына салып жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жағдаят: сендер дүкенде тұрсыңдар. Досың екеуіңді Айзере туған күніне шақырды. Сендер оның қандай сыйлық қалайтынын білмейсіңдер. Сондықтан сыйлықты өздерің таңдаңдар. Әрқайсың өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.



ТЫНДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бөлшектік сан есімдерді цифрмен жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Көршіңмен ақылдас. Сыйлық берудің тағы қандай ережелерін ұсынар едіңдер? Ойларыңды айтыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі сыйлық беру туралы ереженің бірін таңдап алыңдар. Осы ереже бойынша пікірталас өткізіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жылы лебіздерді жаз. Қай уақытта айтылатынын болжап айт.

Өмірлі бол! Көп жаса! Өркенің өссін! Көп рақмет!
Мүмкін болса, рұқсат етсеңіз, кешірім өтінемін.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Топпен жұмыс. Берілген тақырыптар бойынша постер құрыңдар.

- Сыйлық беру — сүйіспеншілік белгісі.
- Сыйлық беру — өнер. Кез келген өнер сияқты оны да үйренуге болады.
- Сыйлықтың феномені кері векторлығында. Адамдар сыйлық алғанды ғана емес, сыйлық бергенді де ұнатады. Сол арқылы көңілін, сезімін білдіреді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Кімнің таңдауы дұрыс?» ойыны. Жұпқа бөлініңдер. Бүгін — достарыңның туған күні. Әр жұп конверттен бір сыйлықтың суретін алсын. Бірің осы сыйлықты бергенді дұрыс көресіңдер, екіншің мұнымен келіспейсіңдер. Әрқайсың өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен досыма сыйлық таңдаймын. Сыйлық таңдау өте қиын. Мен досыма кітап сыйладым.

Сауда жасаймын

ЖАҢА СӨЗДЕР

айналым, кіріс-шығыс, табыс, сапа, сатылым, сауда-саттық, ұтымды, қолма-қол, әркім, сауаттылық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Етістіктерге өткен шақтың жұрнақтарын жалғап, жікте. Бар, кел, таңда, сыйла, ұмытпа, ескер, ал, қапта, безендір, сал, жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Әнелдің айтқандарына не қосар едіңдер? Диалогті ары қарай жалғастырыңдар.

- Әнел, сенің ойыңша, «сауда» деген не?
- Менің ойымша, «сауда» дегеніміз — өзіңе қажет затты сатып алу.
- «Сауда-саттық жасауға да сауаттылық қажет» деген пікірге қосыласың ба?
- Әрине, қосыламын. Сауда жасау әркімнің қолынан келе бермейді. Сауданы табыс көзіне айналдыру, тапқан табысыңды айналымға жіберу үлкен өнер.
- О-о, сен сауда туралы көп мәлімет біледі екенсің ғой!
- Иә, мен болашақта жеке кәсібімді ашқым келеді. Сондықтан қазір сауда-саттық туралы көп кітап оқып жүрмін.
- Қандай кәсіппен айналысқың келеді?
- Мен «Қазақстанда шығарылған» деген атпен тек отандық өнімдерді сата-тын дүкен ашқым келеді.

— Дүкен ашу үшін де кітап оқу керек пе?
 — Әрине. «Қандай тауар өтімді болады?», «Оның сапасы қандай болуы керек?», «Кіріс-шығысты қалай есептеу қажет?», «Оны қалай ұтымды сатуға болады?», «Қолма-қол ақша табудың жолы қандай?» тәрізді көп сұрақтың жауабын кітаптан табуға болады.
 — Мен сауда жасаудың осыншалық қиын болатынын білмеппін. Ісіңе сәттілік тілеймін!

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сауда туралы мақал-мәтелдерді жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Базарда бәрі бар, Ақшасыз ешкім бермейді.
2. Арзанның құны татымас.
3. Сауданың түбі — борыш.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- Сен сауда жасай аласың ба?
 — Жоқ,
 — Неге? Мен сауда жасай аламын. Сенің ойыңша, сауда жасай білу үшін не керек?
 — Менің ойымша,

 — Иә, сенің де пікірің дұрыс. Бірақ сауда жасай білу де өнер. Мәселен, сен саудаласа аласың ба?
 — Иә, базарда саудаласуға болады. Бірақ дүкендерде баға
 — Иә. Дегенмен кейбір жекеменшік дүкендерде саудаласып, бағаны түсіруге болады? Мен саған мекенжайын берейін. Өзім сол дүкенге жиі барамын. Тауарларының сапасы жақсы.
 — Сен ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?
 — Өкініштісі —
 — Рақмет! Онда
 — Жарайды, келістік.
 —

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ

6-тапсырма. Герберт Ньютон Кэссонның ақша жұмсауға байланысты айтқан ережелерін тыңда. Неше ереже айтылды? Айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Г.Кэссон өзінің кітабында ақшаны үнемдеудің төмендегідей жолдарын ұсынғаны мәлім. Осы қағиданың бірін таңдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

— Мен әр аптаның арнайы бір күнінде дүкеннен ештеңе сатып алмаймын. Дәл сол күні бір рупий де жұмсамаймын.

— Мен «Көненің көзі асыл» деген қағиданы берік ұстанамын. Іске жарамсыз ескілерді пайдаланамын.

— Түрлі жарыстарға қатысамын. Бәлкім, жүлде алудың реті келіп қалар.

— Үйде бос бөлме болса, уақытша жалға беремін.

— Банктегі жинақ кітапшамды өзімнің атыма емес, балаларымның атына ашамын.

Сонда оны қайта-қайта алуға мүмкіндігім болмайды.

— Ешқашан қарыз ақша сұрамаймын. Қарыз тіпті қажет болса, ақша емес, ақшаны қалай көп табу керек екенін білу үшін ақыл-кеңес сұраймын.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;

- регламент сақтау;

- сөз әдебін сақтау;

- сауатты сөйлеу;

- бұйрық, шартты рай тұлғасындағы етістіктерді пайдалану;

- өзіндік ойын, көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Сауда жасай білу — өнер» деген тақырыпта аргументті эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

• Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.

• Концептуалдық кесте дайындап, не туралы жазатыныңды белгіле.

• Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көріктеуіш тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.

• Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.

• Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.

• Тармаққа қажет аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.

• Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз.

• Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, идеяңды дәлелде.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен сауда жасай аламын. Менің досым саудаласа алмайды.

Мен ақшаны үнемдеп жұмсаймын.

Ойшыл, суреткер ақын

5-6-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Қазақтың қандай танымал ақын-жазушыларын білесің?
2. Қандай шығармаларын оқыдың?
3. Саған қай шығармалар ұнады?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретті пайдаланып, «Абай Құнанбайұлы — ойшыл ақын» деген тақырыпқа диалог құрыңдар.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ойшыл, суреткер, аудармашы, сазгер, дана, дәнекер, сауат

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Мазмұнын баянда.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясы ауыз әдебиеті дәстүрлері негізінде, жеке ақындар шығармашылығы арқылы дамыды. Абаймен бірге қазақ өміріне, өнеріне, мәдениетіне **жаңа** бағыт келді. Абай өзіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармаларын **жетік** меңгерді. Сонымен бірге ол орыс әдебиетімен танысты. Әсіресе Пушкин, Лермонтов поэзиясын **терең білді**. Абай орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасына дәнекер болды.

Абай Семейдегі медреседе оқыған кезінде араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп, сауатын ашты. Өзінің **ерекше** қабілеті мен зейіні, зор ықыласпен үйренуінің арқасында Абай орыс тілін де меңгеріп алды.

Дана Абай әдебиетті көркемдік жаңа биікке көтерді. Ол Пушкин, Лермонтов, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударды. «Татьянаның хаты», «Онегиннің хаты», «Татьянаның сөзі», «Ленскийдің сөзі» секілді өлеңдерін шығарды.

Заки Ахметов

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Үш қадамды сұхбат» тәсілін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұхбат құрыңдар. Сыныптағы оқушы санына қарай 3 не 4 оқушыдан тұратын топқа бөлініңдер. Сұхбат төмендегідей жүйемен іске асуы керек:

1. А оқушы В-дан сұхбат алады, С олардың жауабын жазып отырады.
2. В оқушы С-дан сұхбат алады, А жауабын жазып отырады.
3. С оқушы А-дан сұхбат алады, В жауабын жазып отырады.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің орнына антонимін қойып жаз. Мәтіннің мазмұны қалай өзгергенін түсіндір.



ТЫҢДАЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, түсінгеніңді баянда.

Сағди, Науаи, Низами, Физули, Семей, келу, саяси, жер аударылған, орыс демократтары, адам образы, өзгерту, қоғамдық өмір.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Оңай әрі қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қиын сұрақтар көршіңнің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

оңай сұрақтар	қиын сұрақтар
— Абай қазақ әдебиетіне қандай бағыт әкелді? — Абай қазақ әдебиетіне жаңа бағыт әкелді.	— Сен Абай сияқты қысқа уақытта өзге тілді меңгере аласың ба? — Иә, мен көп ізденсем, тез меңгеріп аламын.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, Абай Құнанбайұлы туралы айт.


- Абай — ойшыл ақын
- Абай — суреткер
- Абай — аудармашы
- Абай — сазгер

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Қажет сөздерді пайдаланып, сөйлемді жаз.

Қажет сөздер: екі жаққа үңілдім; ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек; аздырар адам баласын; досы көппен сыйлас.

1. Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық
2. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ...
3. Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп
4. Досы жоқпен сырлас,



ЕСТЕ САҚТА!

Абай Құнанбайұлы Семейдегі медреседе оқып жүргенде орыс тілін меңгерген. Ол орыс демократтарымен дос болған. Абай А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Абай — ойшыл, суреткер, сазгер, ақын.

Базарға, қарак түрсам, әркім барар

7-8-
сабақтар


ЖАҢА СӨЗДЕР

төлем, пайым қылу,
маржан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша «Сауда орталығында» тақырыбында диалог құрыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Бөлшектік сан есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

1/2; 3/4; 7/9; 1/10; 2, 15; 4,05; екі жарым; жарты; екі ширек.

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр.

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу — маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай, аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін: «Жалпақ жұртқа бірдей жағар».
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес, жазғаным — жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң, жарар.
«Ит маржанды не қылсын?» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

Абай Құнанбайұлы

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлең бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Базарға адамдар қандай мақсатпен барады?
- Ақын бұл өлеңінде оқырманға қандай ақыл-кеңес береді?
- «Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деген сөйлемді қалай түсінесің?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

1	сол	а	тұрсам	1	біреу	а	қалар
2	әркім	ә	іздеген	2	бірдей	ә	күн
3	астық	б	бар	3	аң-таң	б	тарар
4	өзі	в	алар	4	тесік	в	кісі
5	нәрсесі	г	табылар	5	осы	г	моншақ
6	қарап	ғ	сөзді	6	бір	ғ	ұғар
7	сонан	д	барар	7	елге	д	жарар
8	бұл	ж	алады	8	ұқсаң	ж	жағар

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңдегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді тыңда. Саудаға, базарға қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Айналым, кіріс-шығыс, төлем, әркім, пайым қылу сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Қосымша дереккөздерден әлемдегі ең ірі базар, сауда орталықтары туралы ақпарат жина.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Үш топқа бөлініңдер. Тақырып бойынша постер құрастырып, қорғаңдар.

1. Тұңғыш сауда орындары
2. Қазақстандағы үлкен базарлар

ЕСТЕ САҚТА!

Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңін оқыдым. Ақын бұл өлеңінде өмірдің мәні туралы айтқан.

Базарға барамын

9-10-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген тақырыптар бойынша диалог құрыңдар.

- Сатушы мен сатып алушы
- Екі сатып алушы
- Екі сатушы

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

- Ақша бақыт әкелмесе де, қаржылай бостандық әкеледі.
- Ақша — қолдың кірі.
- Ақша ашпайтын құлып жоқ.
- Ақшада көз жоқ.



ЖАҢА СӨЗДЕР

таразы, азын-аулақ, жсарамдылық, анда-санда, ұрла, тәуекел

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқы. Мәтіндегі сандардың орнына бөлшектік сан есімдерді қойып айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

БАЗАРДА

Бүгін — жексенбі. Әлішер үйге көгөніс, жеміс-жидек алу үшін базар аралап жүр. Базардың іші — ығы-жығы халық. Сөрелерде алқызыл алма, сапсары алмұрт, шабдалы, өрік, құлпынай, шие, қарақат үйіліп жатыр. Төменгі сөрелерде картоп, көкбұршақ, бұрыш, сәбіз, пияз, сарымсақ жатыр. Базардың іші-сыртында қауын, қарбыз, асқабақтан аяқ алып жүре алмайсың.

Әлішер: Сәлеметсіз бе! Көгөніс, жеміс-жидек сатасыз ба?

1-сатушы: Сатамын. Келіңіз, алыңыз.

Әлішер: Картоптың, пияздың, сәбіздің бағасы қанша?

1-сатушы: Картоп — 80 теңге, сәбіз — 70 теңге, пияз — 80 теңге.

Әлішер: Қымбат екен. Ақшам аз боп тұр. Арзандау бермейсіз бе?

1-сатушы: Қанша аласыз? Көбірек алсаңыз, бағасын түсіремін.

2-сатушы: Мінеки, алыңыз. Мен арзандау берейін. Таразым да дұрыс, алдамайды. Неше килограмм аласыз?

Әлішер: Сіздікі өте ұсақ екен. Ірілеуі жоқ па?

2-сатушы: Жоқ, бары осы.

Әлішер: Сіздікі ше?

3-сатушы: Таңдап алыңыз. Ұсақтары арзандау, ірілеуі қымбат.

Әлішер: Онда маған 3 кг картоп, 1 кг сәбіз, 2 кг пияз беріңіз.

3-сатушы: Тағы не аласыз?

Әлішер: Алма, алмұрт, шабдалыдан азын-аулақ алайын. Жарты килограмнан беріңіз. Қанша төлеймін?

3-сатушы: Бәрін қосып есептесек, 1210 теңге болады.

Әлішер: Мінеки, алыңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыр.

1. Әлішер жеміс-жидек алу үшін базарға барды. 2. Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар. 3. Сәулесі бар жігіттер бір ойланар. 4. Мен саудаласа алмаймын. 5. Абай қазақ өнеріне, мәдениетіне жаңа бағыт әкелді.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына жағдаятқа сәйкес келетін сөздерді қойып, оқыңдар.

- ... ?
- Сіз не алайын деп едіңіз?
-
- Неше килограмм аласыз?
-
- Онда 500 теңге төлейсіз.
- ... ?
- Бағасын түсіре алмаймын.
- ... !
- Сәлеметсіз бе! Алма сатасыз ба?
-
- Бағасы қанша?
-
- Көбірек алсам, бағасын түсіресіз бе?
- ... ?
- Мен алмадан 5 кг аламын.
- ...



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Адамдар базарға не үшін барады?
- Сен жеміс-жидектен нені жақсы көресің?
- Не себепті?
- Жеміс-жидектің адам денсаулығына пайдасы туралы білесің бе?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қажет тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібіне байланысты орналастырып жаз.

Сомалап сонан (ақша) (алу). 2. Біреу бұл ұқпас (сөз), (ұфу), біреу (Баға) пайым (қылмау), аң-таң (қалу). 3. (Сөз) осы (күн) ұғар кісі бар ма? 4. Демеймін (жұрт) жалпақ бірдей (жағу). 5. (Жазу) соң, (жер) қалмас тесік моншақ, (Біреу) (алу), біреу (ел) тарар. 6. Бір кісі емес (жазу), жалпақ жұрт қой, Шамданбай-ақ, (шырақ), жарар (ұфу).

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Оқы. Диалогті мазмұнына қарай дұрыс орналастырып оқыңдар.

- Касса дүкеннің оң жағында, сол жерге төлейсіз.
- Мінекей, мына өлшемді киіп көріңіз.
- Мына туфлидің өлшемі қанша?
- Мына өлшем тура ма? Бұл — өте сапалы бәтеңке.
- Мынаны киіп көріңіз.
- Жоқ, су өткізбейтін теріден жасалған.
- Менің өлшемім — 38.
- Бұл — менің өлшемім емес.
- Маған басқасын, бір өлшем үлкенірегін беріңізші. Мынау аяғымды

қысып тұр.

- Сіздің өлшеміңіз қандай?
- Бұдан су өтпей ме?
- Қайда төлеуім керек?

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жағдаят: досың екеуің сыйлық алуларың керек. Ол сыйлықты дүкеннен алғысы келеді. Ал сен: «Базардан алған дұрыс», — деп санайсың, өйткені базарда арзан. Досыңа базардың артықшылығын қалай дәлелдейсің?

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Экономист Фрэнк Найттың «Бизнес тәуекел болғанда ғана жүреді» деген тұжырымы бойынша ой бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Өзің тұрған жердегі базар туралы фотоколлаж дайында. Базардың жақсы жағы мен кемшілігін айтып, фотоколлажды сыныпта қорға.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен бүгін базарға бардым. Базардан жеміс-жидек сатып алдым. Базарда заттар арзан. Дүкеннен аяқкиім сатып алдым. Менің өлшемім — 36.

11-12-
сабақтар

Ақшаны үнемдек ұстайсың ба?

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

күнделікті қалта шығыны, үнемдеу, төлем, түбіртек, қолғабыс, тұрақты табыс, қыл, қаржыландыр

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

1. Шашу оңай, жинау қиын.
2. Еңбекпен тапқан нан тәтті.
3. Отты ағаш шапқанға жаққыз.
4. Базары жақын байымас.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: досыңмен бірге дүкеншіге тауар тасуға көмектесіп, ақша таптыңдар. Қомақты ақша. Ол ақшаны қайда жұмсар едің? Нақты бөліп, кесте құра. Өз шешіміңді айт.

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Мен әлі мектепте оқимын. Әзірше жұмыс істемеймін, тұрақты табысым жоқ. Маған ақшаны ата-анам береді. Ал менің міндетім — сабақ оқу. Бірақ кейде ұсақ-түйек жұмыстар орындаймын. Сөйтіп, күнделікті ата-анам беретін қалта шығынымды толтырып отырамын. Мен Герберт Ньютон Кэссонның кітабын оқығаннан кейін ақшаны үнемдеп ұстайтын болдым. Кез келген нәрсеге шаша бермеймін. Көбінесе түскі ас кезіндегі тамаққа, оқуға қажетті құрал-жабдыққа жұмсаймын. Сатып алған заттарымның түбіртегін сақтап қоямын. Айдың аяғында кеткен шығынымды есептеймін. Бірақ кейде достарыммен қыдыруға да ақша қалдырып отырамын. Егер өзіме қажетсіз зат болса, бас тартамын. Өйткені ол мен үшін маңызсыз. Сондықтан пайдалы әрі керек заттарды сатып алуға тырысамын.

Ата-анасы берген ақшаны қалай болса, солай ұстайтын балаларға таңғаламын. «Олар ақшаның қандай еңбекпен келгенін біле ме екен?» — деп ойлаймын. Оны қосымша жұмыс істеген кезде сезіндім. Әр жұмыстың өз қиындығы болатынын түсіндім. Өскенде бай әрі жақсы өмір сүруді мектеп қабырғасынан бастап ойлау керек екен. Егер сен білімді болсаң, ақша табуға болады. Білімді адам кез келген жерде бағаланады. Сондықтан мен уақытымның көбін сабақ оқуға жұмсаймын. Түрлі үйірмеге қатысамын. Ата-анама қолғабыс жасаймын. Олар жұмыстан келгенше үйдегі жұмыстарды істеп қоямын. Пәтерақы төлеймін. Жақын адамдарымды бағалай білу керектігін өмір туралы кітаптарды оқыған кезде түсіндім.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қалта шығынын қайдан аласың?
2. Ата-анаң берген ақшаны қалай жұмсайсың?
3. Ата-анаң берген ақшаны неліктен үнемдеп жұмсайсың?
4. Көбінесе ақшаны қайда жұмсайсың?
5. Достарыңмен қайда барасың?



ТЫНДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті тыңда. Диалогке қатысушылардың сөйлеу мәдениетіне назар аудар. Олар қандай адамдар? Айтып бер. Диалог қандай стильде құралған?

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Менің қалта шығыным» тақырыбында сұхбат құрыңдар. Әрқайсың қалта шығынын қайда жұмсайтындарыңды айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

7-тапсырма. Ұялы телефонға өзіңнің күнделікті шығыныңды жазып отыр. Апта аяғында қанша қаржы шығындағаныңды есепте, қорытынды шығар.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мына сұрақтарға ойланып, монолог дайында.

1. Менің қалта шығыныма не кіреді?
2. Жеке өзің табыс тауып көрдің бе?
3. Тапсаң, оны қалай жұмсадың?
4. Ата-анаң қалта шығынына берген ақшаны үнемдеп, зат алып көрдің бе?



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жағдаят: досың сабақтан шыққан соң ойын автоматына барып, ойнау туралы ұсыныс жасады. Ол өзінің кеше автоматта ойнап, ақша ұтып алғанын айтты. Сен досыңа ойын автоматы құмарлық ойынына жататынын, Қазақстан Республикасында құмар ойындарға тыйым салатын арнайы заң бар екенін айтып түсіндір.

ЕСТЕ САҚТА!

Менің қалта шығынымды ата-анам береді. Мен қалта шығынымды үнемдеп жұмсауға тырысамын. Ақшама қажетті заттарды ғана сатып аламын.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-
сабақтар

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтіндерді оқы. Әр мәтінге тақырып қой. Мәтіндерді салыстыр.

1. XIX ғасырда қазақ даласында сауда-саттықтың жаңа түрі жәрмеңкелер пайда бола бастады. Көрші елдерден келген көпестер сауданың көбін Жібек жолының бойындағы ірі қалаларда ғана жүргізді. Ал XIX ғасырда ірі қалаларда емес, әртүрлі өлкелік, уездік аймақтар таңдалып алынып, жылдың бір мерзімінде сауда-саттық жәрмеңкелері өтіп тұрды (*e-history.kz сайтынан алынды*).

2. Қарқара жәрмеңкесі саудагерлердің жыл сайын базар ұйымдастыратын жері еді. Алыс қалалардан келген көпестер оның атын әр тарапқа таныта бастайды. Жәрмеңке ресми түрде 1893 жылы 29 наурызда ашылды. Жәрмеңкелер қазақ даласына сауда капиталының енуіне қолайлы жағдай жасады. Ортаазиялық Бұхара, Ташкент, Тобыл, Том, Қазан қалаларынан тауарлар әкелініп, сауда дамыды. Ресей мен Орта Азия хандықтарындағы сауда қатынастарының бір қалыпқа түспеуі қазақ жерінің транзиттік сауда көпірі ретінде рөлін арттырды (*Р. Оразовтан*).

3. Қарқараға келгенімізге үшінші күн. Үйден шықсаң, оңтүстікте Қарқараның асқар Алатауы көрінеді. Алатаудың белуарына дейін көк шашағын желбіретіп, Қаратау асылып тұрған тәрізді. Шынтақтаған қараторы ару меңзес Қаратау үлбіреген ақ бұлт торғынын жамылып тұрған іспетті. Жағалай біткен кенере таудың кең алқап, мидай жазық қойнауын Қарқараның қатты ағынды өзені жарып ағып, сылдыр қағады. Ағаш, шымы аралас, қиқы-жиқы қаланың қақ ортасында, жәрмеңке мекемесінің жанындағы биік ағаш басында, қызыл ту желбірейді. Жәрмеңке тараған (*И. Байзақовтан*).

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Бөлшектік сан есімдерден сөйлем құра.

Оннан бір, ширек ғасыр, бір жарым, екі бүтін оннан бес, үштен бір, төрттен екі.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Бұрынғы жәрмеңкелер мен қазіргі базарларды өзара салыстыр. Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын Венн диаграммасы арқылы дәлелде.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Броун қозғалысы» тәсілі бойынша сыныптастарыңнан сауданы қайдан жасайтындарын, көбінесе қандай тауарлар сатып алатынын сұрап шық. Алынған жауаптар бойынша кестені толтырып, сараптама жаса.

оқушының аты-жөні	дүкеннен сауда жасайды	базардан сауда жасайды	тауар атауы

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Базарға, ... тұрсам, ... барар,
Іздегені ... болса, ... табылар.
Біреу астық ... , біреу — ...,

Әркімге бірдей ... бермес базар.
Әркімнің ... іздеген нәрсесі ...,
Сомалап ... сонан алар (Абай).

ТЫҢДАЛЫМ

6-тапсырма. Нұрпейіс Байғаниннің Абай Құнанбайұлына арнаған өлеңін тыңда. Өлеңнің мазмұнын баянда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Қосымша дереккөздерден Қазақстанның сауда қатынасы туралы ақпарат жина. Жинаған ақпаратың бойынша тұсаукесер дайындап, оны сыныпта қорға.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі сөздерді тақырып ретінде алып, көршіңмен сұхбат құр.

- Әлемдегі ірі базарлар
- Нарықтық бәсеке
- Ақшаны үнемдеп ұстау
- Тұтынушы мәдениеті



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Мақал-мәтел

Барымен базар, жоқты қайдан қазар?
Базарда мың кісі бар, әркім танығанына сәлем береді.

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуді, детальді ақпараттарды анықтауды;
- оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздердің мағынасын түсінуді;
- тақырып бойынша өз пікіріңді сенімді дәлелдеуді және қойылған сұрақтарға еркін жауап беруді;
- кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдауды, баға беруді;
- публицистикалық стильдің (мақала) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтауды;
- қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізуді, ерекшеліктерді бақылауды;
- мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазуды;
- тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазуды;
- еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдануды үйренесің.

Жаһандық энергетикалық дағдарыс

1-2-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

жаһандық, ысырап, дағдарыс, өндіру, тасымалдау, қажеттілігі, уланады, ахуал, бітеді, балама, көрсеткіш

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өзің тұратын баспана немен жылытылады?
2. Үйде электр қуаты, жылу болмаса, қандай күй кешер едің?
3. Электр қуаты мен жылу қайдан алынады?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап, қандай зат екенін анықта. Ол заттардың адамзатқа не үшін қажет екенін дәлелде.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңді қазақ тілінде айт.

И одним из самых доступных и дешёвых видов биомассы может стать кизяк. Кизяк (тезек) — высушенный или переработанный навоз. Он используется в качестве топлива (например, для сжигания в печи для обогрева или приготовления пищи). Кизяк, сгорая, почти не пахнет, даёт удивительно приятный дым напоминающий ладан.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4-тапсырма. Төмендегі ақпаратты оқып, мәтіннің стилін анықта.

Мәтінде не туралы айтылған?

XX ғасырда адамзат табиғи отынды 30 есе көп пайдаланды. Көп шикізат ысырап болды. Ал жаһандағы шикізат қоры мен энергетикалық ресурс шектеулі. Энергетика қымбаттап, жаһандық энергетикалық дағдарыс туды.

XXI ғасырда энергетиканы халықаралық нарықта өндіру, тасымалдау қажеттілігі артты. Отын энергетикалық ресурсына мұнай, газ, көмір, жанғыш тақтатастар, тезек, ағаш, су қоры жатады. Мұнай әлемде энергетиканың негізгі көзі болып отыр. Ал жаһандық экономика мұнайға тәуелді.

Шикізат өндіріп, тасымалдаудың экологиялық талаптары бар. Экологиялық талап бұзылса, қоршаған орта уланады. Бұл ахуал да энергетикалық дағдарысты тудырады.

Табиғи шикізат қоры аз қалды. Арзан пайдалы қазбалар болашақта бітеді. Сондықтан балама ресурстарды пайдалану жеделдеді. Атом электр стансыларында (АЭС) балама энергия көзі электр энергиясы өндіріледі. Қазір дүниежүзінің 40 елінде АЭС жұмыс істейді. Бұл АЭС-терде барлық электр энергиясының 17%-ы өндіріледі. Электр энергиясының Францияда 77%-ы, Литвада 74%-ы, Бельгияда 57%-ы, Украинада 47%-ы, Жапонияда 34%-ы АЭС-терде өндіріледі. Бұл көрсеткіш болашақта өседі.

ТІЛДІК БАҒДАР

Ақпарат

Публицистикалық стильде мемлекет, қоғам, ел үшін маңызды экономикалық, саяси, экологиялық және т.б. мәселелер туралы жазылады.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттердің астындағы сөздерді пайдаланып, мұнай мен көмірдің қалай өндірілетінін, қалай пайдаланылатынын ретімен айт.



Отын, өндіру, тасымалдау, қамтамасыз ету, пайдалану, тұтыну.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлік не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп, айт.

мен білетін ақпарат (V)	мен үшін жаңа ақпарат (+)	білгім келетін ақпарат (?)

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді, 2-бағанға тірек сөзбен байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестіріп жаз.

тірек сөз	тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. ысырап	ысырап шикізат	ысырап ету, ысырап тамақ
2. ...		

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің онына қажет сөзді қой.

Қажет сөздер: пайдалы қазба, ысырап, ағаш, өндіру, тасымалдау, көмір, пайдалану, негізгі көзі, бөлінуіне тәуелді,


1. XX ғасырда жерден өте көп ... өндірілді. 2. Табиғи отын түрлерін ... 30 есеге артқан. 3. Көп шикізат ... болды. 4. XXI ғасырда энергетика көздерін халықаралық нарықта ... , ... қажеттілігі артты. 5. Мұнай, газ, ... , жанғыш тақтатастар, тезек, ... , су отын энергетикалық ресурсына жатады. 4. Мұнай әлемде энергетиканың ... болып отыр. 5. Соңдықтан жаһандық экономика мұнайдың өндірілуіне

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Мәтіннен суреттің мазмұнымен сәйкес келетін үзіндіні тауып оқы. Берілген сөздерді пайдаланып, 3-4 сөйлем құрап айт.





Адамзат, энергетика, ысырап, көп пайдалану, шикізат, өндіру, улау, жаһандық, дағдарыс.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Энергияны өте көп пайдаланудан шикізат (ысырап, дағдарыс, жоқты) болды. Сондықтан (тамақ, киім, отын) бағасы қымбаттады. Жаһандық энергетикалық (дағдарыс, түбі, қор) туды. Энергияны (өндіру, көру, тасымалдау) қажеттілігі артты. Шикізатты (тазалаудың, тасымалдаудың, ішудің) талаптары бар. Экологиялық талап бұзылса, қоршаған орта (тазарады, ашылады, уланады). Шикізатты өндіруде, тасымалдауда экологиялық (барлау, талаптарды орындау, қамтамасыз ету) қажет.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын тауып, мағынасын түсініңдер. Сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.

Табиғи шикізат **қоры** азайды. Экологиялық талаптар бұзылса, қоршаған орта **уланады**. Бұл **ахуал** дағдарыс тудырады. Табиғи шикізат қоры **бітеді**. Сондықтан **балама** ресурстарды пайдалану жеделдеді.


АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жердегі шикізат қоры мен энергетикалық ресурс қандай?
2. Арзан пайдалы қазбалардың болашағы қандай?
3. Шикізат пен энергияны не себепті үнемдеу керек?
4. Қандай энергия түрлерін пайдалану жеделдеді?
5. Балама энергия көздері қалай өндіріледі?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтінді оқып, диаграмманы толтыр. Мемлекеттердің балама энергияны пайдалануының пайыздық көрсеткішін диаграммаға түсір. Ақпаратты талдап, бағала.



Барлық АЭС-те	...%
Францияда	...%
Литвада	...%
Бельгияда	...%
Украинада	...%
Жапонияда	...%

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлемде қандай мәселелер бар?
2. Отын энергетикалық ресурсына не жатады?
3. Қазіргі кезде әлемде не энергетиканың негізгі көзі болып отыр?
4. Не себепті жаһандық экономика мұнайға тәуелді?
5. Жаһандық энергетикалық дағдарыс неден туып отыр?
6. Шикізат өндіру, тасымалдау кезінде қандай талаптарды орындау қажет?
7. Жаһандық энергетикалық дағдарысты шешу үшін не істеу керек?

ЕСТЕ САҚТА!

Табиғи шикізат қоры шектеулі. Сондықтан шикізат пен энергияны үнемдеу керек. Балама энергия көздерін пайдалану жеделдеді.

Болашақ энергиясы

3-4-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

дәстүрлі емес, кездейсоқ, қатер, жаңашыл, шамамен, күтілуде, сараптама, тарату, бәсеке

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Энергияны табиғи жолмен өндіру» дегенді қалай түсінесің?
2. Балама энергияның түрлерін білесің бе?
3. Мұнай, көмір, газдан табиғи жолмен өндірілген балама энергияның қандай айырмашылығы бар?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Балама энергия» атты суреттер топтамасына қара. Қалай ойлайсың, онда қандай энергия түрлері өндіріледі? Олар адамзатқа не үшін қажет?



ТІЛДІК БАҒДАР

Еліктеу сөздер

Еліктеу сөз — әртүрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден, олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз. Еліктеу сөз мағынасына қарай екіге бөлінеді.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Еліктеу сөздерді тауып айт.

Бір кезде үйде жарық жалп етті. Мен шыққанда есік тарс етті. Таңертең сағат шыр етті. Даладан мәшине гүр етті. Ол қисалаң-қисалаң етіп келеді.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгендеріңді қазақ тілінде айт.

Исследователи из университета Стэнфорда США пришли к таким выводам. Они выяснили, что на сегодняшний день более 130-ти стран готовы в самое ближайшее время начать тотальный переход на возобновляемые источники энергии. Например, в Индии, где круглый год нет недостатка в солнечном свете, гораздо целесообразнее и рентабельнее будет развивать именно солнечную энергетику, а электростанции, работающие на угле или газе, сейчас обходятся этой стране слишком дорого из-за нехватки достаточного количества этих ресурсов на ее территории.

<http://www.vladtime.ru/nauka>

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Мәтінде қандай мәселе көтерілгенін анықтап, стилін айт.

Балама энергия — энергияны табиғи шикізаттан емес, қоршаған ортаны уламайтын, таза табиғи жолмен өндіретін энергия. Балама энергия көздеріне: Күн, жел, су энергиясы, биоотын және геотермальды энергетика жатады.

Әлемде көптеген елдер энергетикалық дағдарыстан шығудың жолдарын іздестіруде. АҚШ, Канада, Англия, Қытай, Жапон елдері балама энергияны пайдаланады.

Күн энергиясы — дәстүрлі емес энергияның бір түрі. Оны пайдалану кездейсоқ емес. Күн энергиясы бітпейді әрі экологияға қатер келтірмейді. Сондықтан бұл жаңашыл идеяның болашағы үлкен. Күн — Жердегі тіршіліктің болуына, өзендердің ағуына, желдің соғуына, өсімдіктің өсуіне тікелей әсер ететін бірден-бір энергия көзі. Мұнай, газ, көмір де Күннің арқасында пайда болған. Адамзат Күн энергиясының шамамен он мыңнан бір бөлігін ғана пайдаланады екен. Күн энергиясының 1%-ын ғана пайдаланса, адамзат бірнеше ғасырға дейін энергетика мәселесін шешеді.

Біздің елімізде балама энергияны пайдалану кең тараған жоқ. Мамандардың сараптамасы бойынша, елімізде балама энергияны пайдалану 1% екен. Оны тарату — болашақтың ісі.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, балама энергия өндіру, оны пайдалану туралы ойыңды айт.



Дәстүрлі емес, балама, улау, қоршаған орта, жаңашыл, қатер, жылыту.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөліктің не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп, айт.

мен білетін ақпарат (V)	мен үшін жаңа ақпарат (+)	білгім келетін ақпарат (?)

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқып, «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіндегі тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестіріп жаз.

тірек сөз	тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. балама	балама энергия	балама дәрі, балама оқулық, ...

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Бинго» ойыны. «Дәстүрлі», «дәстүрлі емес» деген сөздер тіркесетін сөздерді тауып, сөз тіркесін құраңдар. Көп сөз тіркесін құраған оқушы жеңімпаз болады.

Би, нан, дін, сабақ, су, тамақ, дастарқан, бу, ем, кондитерлік өнім, теңіз, айтыс, мәдениет, құм, қуат көзі, теледидар, кітап көрмесі, адам, терезе, сарқылмайтын энергия көзі, мұнай, культтер, жиналыс, есік, есеп, шикізат қоры, еден, медицина.

дәстүрлі	дәстүрлі емес
музыка, ... , ...	терезе, құм, ...



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт. Оқулықтағы мәтінмен сәйкестендір. Мазмұнында ұқсастық не айырмашылық болса, айт.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қой.

Қажет сөздер: қоры, балама, дәстүрлі емес, уламайды, қатер.

1. Әлемде шикізат ... азайды, экологиялық апат көбейді. 2. Ғалымдар ... энергия өндіру үшін ғылыми зерттеулер жүргізіп жатыр. 3. Балама энергия энергияны ... қуат көздерінен алады. 4. Ол қоршаған ортаны 5. Балама энергия экологияға ... келтірмейді.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, 10-12 сөйлемнен тұратын шағын мақала жаз.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Не себепті таза энергияны дамыту идеясы пайда болды?
2. Балама энергияға не жатады?
3. Әлемде көптеген елдер не себепті балама энергия көздерін пайдалануда? Олар қандай елдер?
4. «Күн энергиясы» деген не?
5. Адамзат Күннен Жерге келетін энергияның қанша бөлігін пайдаланды?
6. Бірнеше ғасырға дейін энергетика мәселесін қалай шешуге болады?
7. Біздің елімізде балама энергия көздерін пайдалану үлесі қандай?

ЕСТЕ САҚТА!

Балама энергия қоршаған ортаны уламайды, қатер келтірмейді. Баламалы энергия көздері: Күн, жел, су энергиясы, биоотын және геотермальды энергетика.

Қазақстан – мұнай мекені

5-6-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

жүргізген, бұрғылау, тереңдіктен, бұрқақ, атқылаған, құрал, жұлынады, алдын алады, байыт, көмірсутек, жүргізі

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның мұнай-газ саласы қай өңірде орналасқан?
2. Қазақстанның мұнай-газ саласын дамыту үшін не істер едің?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді төмендегі сөздермен сәйкестендір. Сөйлем құра. Еліктеу сөздерді мағынасына қарай қолдан.



Бұрғылау, мұнай, улы газ, мұнайшы, атқылаған, бұрқақ, мұнай өндіру, құбыр. **Еліктеу сөздер:** бұрқ, шаң-шұң, жарқ-жұрқ.

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Мәтінде қандай мәселе көтерілгенін айтып, стилін анықта.

Қазақстан — мұнайлы мемлекет. Мұнай қоры еліміздің батыс бөлігінде орналасқан. Жыл сайын 32 миллион тонна мұнай өндіріледі. Жаһанда мұнай өндіруден 18-орында. Қазақстанда мұнай құбырын 10 000 шақырымға дейін **жүргізген**. Мұнай өндіретін 32 стансы жұмыс істейді.

Батыста мұнай кені бар екенін қазақтар ертеде білген. Олар мұнаймен адамның, малдың жарасын емдеген. Алғаш **бұрғылау** жұмыстары Қарашұңғыл жерінде жүргізілген. 1899 жылы 40 метр тереңдіктен алғаш мұнай бұрқағы атқылаған. Осы кезден бастап Ұлы дала елінде мұнай өндірісі басталды. Ал Доссорда 1911 жылы 226 метр тереңдіктен мұнай бұрқағы атқылаған. Осы жерде Қазақстандағы алғаш мұнай өндіру өнеркәсібі салынды.

1985 жылды Атырау облысы Құлсары қаласында тосын оқиға болды. 37-ұңғымадағы қатты қысымнан мұнай өндіретін **құралдың** бір бөлігі **жұлынды**. Ауаға мұнаймен бірге улы газ атқылаған. Өрт болып, отты бұрқақ 40-50 метрге көтерілген. Жердегі өртті орбитадан ғарышкерлер де көрген. Қыс мезгілінде өрттен бірнеше километр жер жылынып, шөп шыққан. Бұл өртті бір жылдан кейін әрең сөндірген. Қазір мамандар мұндай экологиялық апаттың **алдын алады**.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлік не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп айт.

мен білетін ақпарат (V)	мен үшін жаңа ақпарат (+)	білгім келетін ақпарат (?)

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен суреттің мазмұнымен сәйкес келетін үзіндіні тауып оқы. Оқиғаны ретімен айт.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестіріп жаз.

тірек сөз	тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. алдын алу	апаттың алдын алу	аурудың алдын алу, ...

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қой.

Қажет сөздер: жүргізген, бұрғылау, тереңдіктен, бұрқақ, құралдың, атқылаған, алдын алады.

1. Қазақстан мұнай құбырын 10 000 шақырымға ... 2. Алғаш ... жұмыстары Қарашұңғылда жүргізілген. 3. 40 метр ... алғаш мұнай бұрқағы атқылаған. 4. Мұнай өндіретін ... бір бөлігі жұлынады. 5. Сыртқа мұнаймен бірге улы газ ... 7. Мамандар мұндай экологиялық апаттың ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Үзінді бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрыңдар.

Мұнай қоры еліміздің батыс бөлігінде орналасқан. Жыл сайын 32 миллион тонна мұнай өндіріледі. Мұнай өндіруден дүниежүзі бойынша еліміз 18-орында. Қазақстан аумағындағы мұнай құбырының ұзындығы — 10 000 шақырым. Мұнай айдайтын 32 стансы жұмыс істейді.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алғаш бұрғылау жұмыстары қай жерде жүргізілді?
2. Доссорда қай жылы неше метрге дейін мұнай бұрқағы атқылады?
3. 1985 жылдың күзінде Құлсары қаласында қандай тосын оқиға болды?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан — мұнайлы мемлекет. Алғаш бұрғылау жұмыстары 1899 жылы Қарашұңғыл жерінде жүргізілген. Қазақтың Ұлы даласында мұнай мен газдың қоры бар.

Ш. Айтматов

«Кассандра таңбасы»

(үзінгі)

7-8-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

таңба, дақ, шарана, сауалнама, әрекет

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ш. Айтматов туралы не білесің?
2. Ш. Айтматовтың қандай шығармасымен таныссың?
4. Онда қандай мәселе сөз болады?



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтін кім туралы?
- Ол кімге хат жазады?
- Қалай ойлайсың, неліктен ол сенсациялық хат? Ойыңды дәйектеп айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мен зерттеу жүргіздім. Маңызды жаңалық аштым. Менің жаңалығым адамзат өміріне әсер етеді. Бұл жаңалықты сіз бағалаңыз. Шарана пайда болған алғашқы аптада өз көзқарасын білдіре алады. Ол өзін өмірде не күтіп тұрғанын біледі. Өзінің көзқарасын білдіру үшін шарана белгі береді. Оның анасының маңдайына кішкентай таңба түседі. Ол белгіні мен «Кассандра таңбасы» деп атадым. Мен шараналарға «фарыштық сауалнама» жүргіземін. Шарана: «Мен өмірде өзімді не күтіп тұрғанын білемін. Менің тағдырымды анам шешсін! Әрекетті анам таңдасын! Мен Кассандра шаранамын!», – дейді.

Филофей

Шын аты-жөнім Андрей Крыльцов

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Кассандра таңбасы туралы ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілінің құрылымына салып жаз:

1. **Пікір.** Кассандра таңбасы туралы өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. **Дәлел.** Кассандра таңбасын бір сөйлеммен дәлелде.
3. **Мысал.** Кассандра таңбасы туралы пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. **Қорытынды.** Кассандра таңбасы бойынша қорытынды жаса.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіңдер. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас ұйымдастырыңдар.

қалпақтардың қызметі	жауап беретін сұрақтары
 Филофейдің Кассандра таңбасы туралы айтады.	«Кассандра таңбасы» деген не?
 Кассандра таңбасының пайдасы жағын айтады.	Кассандра шараның өз көзқарасын білдіруінің қандай пайдасы бар?
 Филофей ашқан жаңалықтың пайдасыз жақтарын айтады.	Филофей ашқан жаңалықтың адамзатқа қандай зияны бар?
 Бұл идеяны дұрыс пайдалану туралы ойын айтады.	«Кассандра таңбасы» идеясын қалай пайдалану керек?
 Айтылған ойлардың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Кассандра таңбасы туралы ойларға қалай қарайсың?
 Бақылап, қорыту: ойлардың Кассандра таңбасына қатысын айтады.	Кассандра таңбасы туралы қандай тұжырым жасауға болады?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, Филофей хатты неліктен Рим папасына жолдады?
2. Сенің ойыңша, ол хатты кімге жолдауы керек еді?
3. Қалай ойлайсың, Рим папасы не деп жауап береді?
4. Рим папасының жауабын болжап айт.
5. Бұл шындыққа айналса, сен не істер едің? Филофейдің идеясын бағалап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Филофейге хат жаз. Оның Кассандра таңбасы туралы идеясын жақтайтыныңды не жақтамайтыныңды айт. Ойыңды дәйекте.

Хатта этикеттік сөз оралымдарын қажетіне қарай пайдалан.

Этикеттік оралымдар: *Абайлаңыз! Адамзат жойылмасын! Айып етпеңіз! Байқаңыз! Рұқсат етіңіз! Бір өкініштісі. Фафу етіңіз! Кешірім сұраймын.*

Құрметті ... ! Мен ойлаймын. Себебі

ЕСТЕ САҚТА!

Адамзат өміріне әсер ететін жаңалық.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9-10-
сабақтар

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мұнай (парсы тілінен аударғанда «жанатын» деген мағынаны білдіреді) — жанғыш, майлы, өзіне тән иісі бар, сұйық зат.

Жер астынан өндірілген мұнай сол қалпында қолданылмайды. Алдымен оны тазартып, өңдейді. Өнімді бірнеше бөліктерге айырып алады. Мұнайдан алынатын ең сапалы өнім — жанармай. Мұнайдан жанар-жағармай, сұйытылған газ, реактивті отын, мазут, солярка, керосин алынады.

Сондай-ақ мұнайдан кремдер мен түрлі жақпамайлардың негізі жасалады. Мұнай қоспасынан синтетикалық резеңке, көксағыз (каучук), синтетикалық мата мен пластмасса, кіржуғыш ұнтақ, бояу, косметика, тыңайтқыш, типографиялық бояу, автокөлік доңғалақтары сияқты күнделікті тұрмысқа аса қажет өнімдер жасалады. Осы кезеңде мұнай құрамынан жүзден аса керекті зат алынып отыр.

1. «Мұнай» деген не?
2. Мұнайды қалай қолданады?
3. Ең сапалы мұнай өніміне не жатады?
4. Мұнайдан қандай күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар дайындалады?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген нұсқалардың ішінен жаһандық энергетикалық дағдарыстың туындау себептерін тауып, ойыңды таратып айт.

Тірек сөздер: жаһандық, ысырап, дағдарыс, өндіру, тасымалдау, қажеттілігі, уланады, бітеді.

Жаһандық энергетикалық дағдарыстың туындау себептері:

1. Адамзат ғарышқа ұшты.
2. Адамзат табиғи отынды 30 есе көп пайдаланды.
3. Жер бетіндегі мұздықтар еріп жатыр.
4. Экологиялық талап бұзылып, қоршаған орта уланды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Дәстүрлі энергия көздерін, балама энергия түрлерін анықта. Ой картасын сыз.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Еліміздегі мұнай, газ кенорындарының болашағы туралы ойыңды жаз.

Ежелгі адамдар мұнайды не үшін пайдаланды?	Мұнайды кімдер зерттейді?	Мұнай өнімдері қай салаларда қолданылады?	Өзің қандай мұнай өнімдерін пайдаланасың?	Еліміздегі мұнай, газ кенорындарының болашағы қандай болмақ?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Топтық жұмыс. Үш топқа бөлініп, энергия көздерінің пайдалы және зиян жақтарын анықтап, сынып алдында қорғаңдар.

табиғи энергия көздері (мұнай, көмір, ...)		Күн энергиясы		АЭС арқылы алынатын энергия	
пайдалы жақтары	зиян жақтары	пайдалы жақтары	зиян жақтары	пайдалы жақтары	зиян жақтары

4

Достық пен татулық — таптырмас бақыт

Т.Айбергенов «Бір тойым бар...»

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- автордың көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтауды;
- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде дәлелді жауап беруді;
- пікірталаста өз пікіріңді сенімді дәлелдей алуды, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруді;
- публицистикалық стильдің (мақала) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтауды;
- мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасауды;
- мәтіндердің түріне, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасап, салыстыруды;
- мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, пікір жазуды;
- тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануды;
- етістіктің шартты райын қызметіне сай жұмсай білуді **үйренесің**.

«Жерұйық» фильмі — ортақ таздыр белгісі

1-2-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

жылат, қиыншылық, жан, татулық, ынтымақтастық, жанашыр, парасатты, адалдық

АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай қазақстандық режиссерлерді білесің?
2. Қазақ халқының тарихына байланысты қандай фильмдерді көрдің?
3. Қазақстандағы халықтар достығы бейнеленген қандай фильмдерді білесің?
4. Суретке қара. Олар қай фильмнің кейіпкерлері?



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Соңғы жылдары Қазақстанда қандай фильмдер шығарылды? Сызбаға жаз. Ол фильмдер не туралы? Қысқаша айт.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

Мен бұл жаңа фильмді	жиі көресің бе?
Сен қазақша фильмді	қайсысын ұнатасыз?
Сіз қазақ фильмдерінің	қуана көрдім.
Ол қазақ режиссерінің	түсесіңдер ме?
Сендер тарихи фильмге	жаңа туындысын көрді.

ТІЛДІК БАҒДАР

Шартты рай

Етістіктің шартты рай формасындағы сөз мағына жағынан басқа бір амалдың я істің жүзеге асу не аспауының шартын білдіреді. Шартты рай формасы етістікке *-ca/-ce* жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

Шартты рай құрмалас сөйлемнің бірінші сөйлемінде баяндауыш қызметінде қолданылады. Сөйтіп, басыңқы сөйлемдегі істің орындалуы не орындалмауының шартын көрсетеді. Мысалы: Фильмді көрсем, мазмұнын айтып берер едім. Актёр өз рөлін жоғары дәрежеде сомдаса, мемлекеттік сыйлық алады.

Шартты рай формасы үнемі жіктеліп жұмсалады. Оның жіктелуі жедел өткен шақ формасына ұқсас.

Мысалы:	Мен	бар-са-м	(бар-ды-м)	Біз	бар-са-қ	(бар-ды-қ)
	Сен	бар-са-ң	(бар-ды-ң)	Сендер	бар-са-ңдар	(бар-ды-ңдар)
	Сіз	бар-са-ңыз	(бар-ды-ңыз)	Сіздер	бар-са-ңыздар	(бар-ды-ңыздар)
	Ол	бар-са	(бар-ды)	Олар	бар-са	(бар-ды)

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажет сөздерді қойып оқы. Еліктеу сөздерді мұғалімнің көмегімен орыс тіліне аудар. Шартты рай формасындағы сөздерді тауып, оның қандай шартты мағына білдіріп тұрғанын айт.

1. Жаңа фильм жақсы болып шықса, барлық көрерменді ... еткізер еді.
2. Фильм басталғанда тұлпардың ... шабысы естіледі.
3. Басты кейіпкердің көзі қыран құстың жанарындай ... етсе, көрермендер де қуанып қалады.
4. Режиссер сахнаға шықса, бәріміз тік тұрып, ... қол шапалақтаймыз.

Қажет сөздер: ду, тарсылдаған, жарқ, елең.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, Қазақстандағы халықтар достығы жайында шағын мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: жылат, қиыншылық, жан, татулық, ынтымақтастық, жанашыр, парасатты, адалдық.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогті тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Әнел мен Анна не туралы сөйлесті?
2. Фильмді кім көрді?
3. Фильм не туралы?
4. Аннаның көңіл күйі қандай? Сипатта.
5. Әнел қандай шешім жасады? Оны не қызықтырды?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықта. Қою қаріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса.

Сламбек Тәуекелдің «Жерұйық» фильмі ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй: «Бауырым!» деп» деген сөзімен басталады.

Фильмге кішкентай кәріс баласы Сон Лаврентийдің естеліктері **арқау болған**. Кинода ХХ ғасырдың трагедиясы **суреттеледі**. Ұлы Отан соғысы жылдарында өз жерінен **қуғындалып**, Қазақстанға жер аударылып келген кәріс, неміс, түрік, шешен, күрд және басқа да ұлттардың ауыр жағдайы бейнеленген. Ашаршылық, саяси қуғын-сүргін көрген халықтың бастан кешкен **қиыншылықтары** суреттеледі.

Үйсіз қалған **босқындарды** қазақ халқы **жылатпайды**, бауырына тартады. Мыңдаған жанды **ажалдан** аман алып қалады. Бір үзім нанын олармен бөлісіп жейді. Жанашырлық көрсетеді. Кинода бүгінгі Қазақстан халқының **татулығы пен ынтымақтастығының бастауы** көрсетілген.



Фильмнің бас кейіпкері Орынбай өмірде болған адам. Ол — **парасатты** қазақ азаматының **типтік бейнесі**. Барша қазақ халқының бауырмалдығы, жомарттығы, адалдығы осы бейне арқылы көрінеді. Рөлді белгілі актер Болат Әбділманов шеберлікпен **сомдаған**.

Бұл фильм — қазір Қазақстанда бақытты өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген **шынайы алғысының белгісі**.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі жоспарды мәтіндегі ойдың ретімен жаз. Жоспар бойынша мәтіннен түсінгеніңді айт. Өз сөзіңде мәтіндегі нақты деректер мен мәліметтерді қамты. Фильм неге «Жерұйық» деп аталады?

Ойыңды дәлелде.

Жоспар:

Босқындарға жанашырлық
Фильмнің басты идеясы
Шынайы алғыс белгісі
Саяси қуғын-сүргін көрінісі

Қазақ халқының бауырмалдығы
Орынбай — қазақ азаматының
типтік бейнесі
Фильмнің басты арқауы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Фильм туралы тұжырымдарды оқы, өз ойыңды дәлелдеп айт.

Ақпарат	Дұрыс, себебі...	Дұрыс емес, себебі...
«Жерұйық» — Қазақстандағы халықтар достығы тақырыбына түсірілген фильм.		
Фильмде Сон Лаврентий мен Сламбек Тәуекелдің балалық шағында көрген қиыншылықтары баяндалады.		
Фильмде өз Отанында өмір сүріп жатқан кәріс, неміс, түрік, шешен, күрд және басқа да ұлттардың ауыр тағдыры бейнеленген.		
Көркем фильмінің идеясы — қазақ халқының мейірімділігі мен бауырмалдығын көрсету.		
«Жерұйық» көркем фильмі ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй: «Бауырым!» — деп» дейтін сөзімен басталуы — дұрыс шешім.		
Бұл фильм — Қазақстанда бақытты өмір сүріп жатқан ұлттардың қазақ халқына деген шынайы алғысының белгісі.		

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді құрамында шартты райлы етістік бар құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.

1. Сен де «Жерұйық» фильмін көр. Саған бұл фильм ұнайды. 2. Фильмге дұрыс мән бер. Онда саяси қуғын-сүргіннің толық тарихы бар. 3. Әр адам өзін Сон Лаврентийдей сезінеді. Елдегі татулық мәңгілік сақталады.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

11-тапсырма. «Жерұйық» фильмін көр. Осы фильмдегі өзің қалаған бір кейіпкерге мінездеме жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек — көңіл күй. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

ОЙТАРАЗЫ

ЕСТЕ САҚТА!

«Жерұйық» — халықтар достығына арналған фильм. Онда кәріс, неміс, түрік, шешен, күрд және басқа да ұлттар туған жерінен қуылып, қазақ жеріне босқын болып келеді. Арып-ашып келген адамдарды қазақ халқы бауырына тартады.

3-4-
сабақтар

Қазақстан — достық пен татулық мекені

ЖАҢА СӨЗДЕР

жолдас, замандас, берік,
ұйымшылдық, жақындық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстан халқы ассамблеясы» дегенді қалай түсінесің?
2. «Диаспора» деген не?
3. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген мәтелдің мағынасы қандай?
4. «Қоғамтану» және «Тарих» оқулықтарынан «ұлт», «ұлт өкілдері», «ұлыс» сөздерінің қандай айырмашылығы бар екенін анықта.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Өртүрлі дереккөздерді пайдаланып, Қазақстан картасынан Қазақстан халқы ассамблеясы филиалдарының орналасқан жерлерін көрсет.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қара. Еліктеу сөздерді, шартты райлы етістіктерді қатыстырып, сипаттап жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Достық» деген не? Төменде берілген жаңа сөздерді қатыстырып, шағын мәтін жаз. Шартты рай формасын қолдан.

Тірек сөздер: жолдас, замандас, берік, ұйымшылдық, жақындық.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңда. Ассамблеяның мақсаты туралы айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша көп нүктенің орнына жақша ішінен қажет сөзді таңдап жаз.

Қазақстан халқы ассамблеясы ... (1991, 1995) жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен (жасалды, құрылды, дайындалды). Ассамблеяның құрылған күні — (1, 11) наурыз. Ассамблеяның мақсаты — елдегі ... (ұлтаралық келісімді, түсіністікті, кеңпейілдікті) нығайту. Қазір Қазақстан Республикасында қазақтармен бірге (120-дан аса, 130-ға жуық) этнос пен этникалық топ өкілдері тұрып жатыр.

«Егемен Қазақстан» газеті

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Үлгіге қара. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, диалог құрыңдар.

Үлгі: Ассамблеяның мақсаты не?

Қазақстанды мекен еткен этнос өкілдерінің арасында **достық, жолдастық** қарым-қатынасты дамыту — Ассамблеяның негізгі мақсаты. Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы — Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақ халқының кеңпейілдігі мен бауырмалдығы қазақ жерінде бірнеше этнос өкілдерінің өзара **жақындықта тату-тәтті** өмір сүруіне ұйытқы болып отыр. Қазақстан халықтарының **берік достығы, замандастардың** бірлігі, ұйымшылдығы — өзге елдерге үлгі. Қазақстанда тұратын ұлттардың өз этноқұрылымдары бар. Орыс, өзбек балалары мектепте ана тілінде білім алады. Орыс, өзбек, кәріс, немістердің ондаған театры мен газет-журналы бар. Әзірбайжан, грек, ингуш, неміс, шешен, поляк т.б. халықтардың ұлттық мәдени орталықтарының жанында бірнеше **жексенбілік мектептер** жұмыс істейді.

Қазақстан халқы ассамблеясы жыл сайын Қазақстан халықтарының фестивальдарын, тіл фестивальдарын, тіл білу дәрежесін анықтайтын жиырма шақты **байқау**, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізіп тұрады.

www.botschaftkaz.de/kaz/index



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін тауып жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құрап айт.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажырат. Өз ойыңды дәлелдеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тауып жаз. Олардың түрі мен жасалу жолын түсіндір.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

11-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Қазақстан халқы ассамблеясы ұсынған «Үлкен ел — үлкен отбасы» жобасының болашағы зор. Мысалы, бір ғана Жамбыл облысында құрылған жоба жұртшылық тарапынан үлкен қызығушылық туғызды. «Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» атты аймақтық мәдени-туристік кластер құрылды. Облыс орталығында ашық аспан астында «Көне Тараз» мұражайы, тарихи-археологиялық кешен ашылды. Жоба аясында балалар мен жастарға арналған «Өз өлкеңді танып – біл» бағдарламасы бар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» аймақтық мәдени-туристік агенттігіне үш тілді меңгерген еріктілерді тарту үшін жарнамалық мәтін құрап жаз. Шартты райлы етістіктерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, «Қазақстан халқы ассамблеясы» тақырыбында реферат жаз. Рефераттың сыртқы бетін, жоспарын, пайдаланылған әдебиеттер тізімін жаса.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Қазақстанда қанша ұлт пен этникалық топ өкілдері өмір сүріп жатыр?
2. Қазақстанда қандай ұлттың өкілдері тұрып жатыр?
3. Қазақстан халқы ассамблеясы қандай шаралар өткізді? Өзің куә болған бір мереке жайында айт.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

15-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен елдегі ұлтаралық жақындықты жақсарту мақсатында 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның мақсаты — қазақстандық патриотизмді нығайтуға үлес қосу. Ол салт-дәстүрді насихаттау, ұлтаралық татулық пен ынтымақтастықты, достықты берік етуге қызмет етеді.

5-6-
сабақтар

Төлеген Айбергенов — лирик ақын

ЖАҢА СӨЗДЕР

*сәтсіздік, сыр, мәдениетті,
игілікті, көпшіл, кілт*

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. «Ақын» деген кім?
2. Қазақтың қандай ақындарын білесің?
3. Орыс тілінде жазатын қазақ ақындарының шығармашылығы туралы не білесің?
4. Орыс ақындарының туған жер туралы жазған қандай өлеңін білесің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, «Туған жер» тақырыбына арналған екі өлеңді жазып ал. Оларды салыстыр. Қай ақын туған жерді қалай суреттегенін айт. Өлеңге көркемдік беріп тұрған сөздерді анықта. Қалаған біреуін жатта.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қара. Бұл кісі кім? Оның сыртқы бейнесін сипаттап айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің «Қоңырат» деген жерінде **дүниеге келген.**

Төлеген Айбергеновтің өлеңдері республикалық **баспасөзде** 1957 жылдан бастап **жарияланды.** Бірнеше өлең жинақтары басылды. Ақын Т. Айбергеновтің лирикалық өлеңдеріне көптеген композиторлар ән жазды.

Төлеген Айбергенов қайтыс болғаннан кейін (1974 ж.) оған «**Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты**» атағы берілді.

Ақын шығармашылығында Отанға, туған елге, адамдарға деген **сүйіспеншілік** ерекше орын алады. Ақын әртүрлі тақырыптағы лирикалық шығармаларында **замандастарымыздың** игілікті **болмысын** жырлады. Ол **сәтсіздіктерге** бой алдырмады. Жаны нәзік ақын өз ойын, сырын поэзиямен **бөлісті.**

Төлеген ақындығының кілті — лиризм. Ол әлемді өте терең сезімталдықпен жырлады. Төлеген ақын адамдарды бауыр, **дос, жолдас** санады. Сондықтан ол аса **көпшіл** болды. Оның куәсі — «Бір тойым бар» өлеңі. Ол барлық **сәтсіздікті** өзі ғана көтеріп, қуанышы мен **игілігін** айналасындағы адамдармен **бөлісуді** бақыт санады.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, тіркескен сөзімен бірге жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі жоспарды ретімен жаз. Әр тақырыпша бойынша тірек сөздерді анықта. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын қысқаша баянда.

Жоспар:

Әнге айналған өлеңдер
Сәтсіздікпен күрес

Ақынның өмірбаяны
Көпшіл ақын

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінде аты аталған тұлғалар жөнінде білетіндеріңді айтыңдар. Пікір бөлісіңдер.

Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов үшеуіміз ерекше достық қарым-қатынаста болдық. Анам марқұм 13 бала көрген, соның ішінде менен басқасы түгел қайтыс болып кеткен. «Неше балаңыз бар?» — деп сұраған адамдарға: «Менің үш балам бар: үлкені — Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы — Төлеген Айбергенов, кішісі — мына Мұхтар», — дейтін. Шәмші де, Төлеген де — мәдениетті адамдар еді. Олар да анамды ерекше қадірлейтін.

Мұхтар Шаханов



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ақын Мұхтар Шахановтың дос-ағасы Төлеген Айбергеновке арнаған «Айбергенов шыңы» атты өлеңінен алынған үзіндіні оқы. Өлең бойынша сөздік жұмысын жаса. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен баяндап айт. Шартты рай формасындағы етістіктерді қолдан.

Бәйшешектің ғұмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр.
Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.
Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл.
Міне, содан ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жырың шегарада әлі күнге сапта тұр.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сабақта өткен оқу материалдарына, ақын шығармашылығы туралы өзге де ақпараттарға сүйеніп, Төлеген Айбергеновтің өлеңдеріне тән белгілерді диаграмма түрінде жаз.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Төлеген Айбергенов қайтыс болғаннан кейін (1974 ж.) «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты» атағы берілді. «Адамға атақты қайтыс болған соң берген дұрыс па?» тақырыбында ойкөкпар (дебат) өткізіндер. Ол үшін ойкөкпарға қатысатын топтарды анықтаңдар. Ойкөкпар ережесін сақтаңдар. Пікірлеріңді дәлелдеп айтыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Төлеген Айбергенов сәтсіздіктерге берілмеді. Өзінің нәзік жырымен сырын бөлісті. Ол аса көпшіл болды. Оның игілікті жырлары елдің рухани мұрасына айналды. Мәдениетті ақынның қолында адам жүрегіне жол ашатын кілт — нәзік лиризм болды.

«Сендер – менің бақытымның булағы...»

7-8-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

залал, күлдір, қызған, жалған

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген өлеңдерді оқы. Өз пікіріңді айт.

1. «Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!» — *деп жазған ақынды ата. Осы сөздің мағынасын таратып айт.*

2. «И слышу голос: «Слоем пыли
Давно покрыт прошедший век,
И дань обычную могиле
Вовремя отдал человек!»
Обоих нет. Но память века
С ним закатилась навсегда,
А память славы человека
Горит и светит как звезда...», — *деп жырлаған ақынды ата. Бұл сөздің қандай мағынасы барын дәлелдеп айт.*

3. *Екі ақынның адамдарға деген қарым-қатынасын салыстырып, бағала.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: мектепте өзің қалаған ақынмен кездесу кешін ұйымдастыру саған жүктелді. Кештің қандай форматта өтетінін, оған кімді шақыратыныңды анықта. Ақынға қоятын 2 сұрағыңды дайында. Неге дәл осы сұрақты қойғың келеді? Себебін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Адам туралы қазақ халқының 2 мақал-мәтелін, орыс халқының 2 мақал-мәтелін жаз. Ондағы ортақ ойлар мен ерекшеліктерді тауып айт.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Өлеңді мәнерлеп оқы.

О, адамдар, біргемін мен
сендермен,
Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен.
Сендер — менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің **дарыныма жел берген.**

Өздеріңмен өмір шыңын бірге
астым,
Жарты құртты бөліп жедім,
сырластым.

Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.
Менің үшін бірдей тілің, **жынысың,**
Бірің — ана, бірің — аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа
Енген сайын кеңі түсер **тынысым.**

Не кездесе, өздеріңмен көрмекпін,
Қарапайым адамдары еңбектің!
Барлығын да бағыштар ем сендерге
Махаббатын маған берсе **жер-көктің....**

Төлеген Айбергенов

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлең мәтініндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін тауып жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Қай бағандағы сөздердің мағынасы өлеңнің қай шумағындағы оймен сәйкес келетінін айт. Ақын өлеңіндегі негізгі идеяны анықта.

Сендердің бәрің маған жақынсыңдар, сендердің орталарыңда мен өзімді жеңіл сезінемін.

Мен барлық уақытта сендермен біргемін, өйткені сендер менің бақытымның бастауысыңдар.

Маған бүкіл әлемнің махаббатын берсе, мен оны сендерге арнар едім.

Өмірімнің соңына дейін сендерді сүйемін, себебі сендердің қолдарыңнан бәрі келеді.



Маған жеке бастың рақаты керек емес, өйткені мен үнемі сендермен бірге болу үшін өмірге келгенмін.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңдегі ақынның ішкі сезімін білдіріп тұрған фразеологизмдер мен ауыспалы мағынадағы сөздерді теріп жаз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ақын қай сөздері арқылы барлық адамды бірдей құрметтеп, бірлікке шақырған. Достық пен татулықтың маңызы туралы ақын өлеңінен қандай ой түйдің? Өз пікіріңді айт. Пікірде мына сөздерді міндетті түрде қолдан: *залал, күлдір, қызған, жалған.*

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден ұлы адамдардың халықтар арасындағы достық пен татулық туралы қанатты сөздерін тауып жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. Тақырып: «Ақын болу оңай ма?»

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Ақын бақыты туралы айтады.	Атақты ақындар туралы қандай ақпарат білесің?
	Ақын болудың артықшылығын айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Ақын болудың пайдасын айтады.	Өлең пайдалы болуы үшін не істеу керек?
	Ақын болудың қиындықтарын айтады.	Қандай қиындықтар болуы мүмкін?
	Ақын болуға қатысты эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптап, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Төлеген Айбергенов елінің барша адамын тең көрді. Олармен сырласуды бақыт санады. Өзінің ақырғы демі біткенше олармен бірге болуды қалады. Өйткені солардың ортасында жүргенде тынысы кеңітінін айтады. Оларға өзінің шексіз махаббатын бағыштайды.

«Бір тойым бар...»

9-10-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

той, сөйтін

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Онда қазақ дәстүріндегі қандай тойлар бейнеленген?



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің дәстүрлі тойлары туралы мәлімет тауып жаз. Сол тойдың ерекшеліктерін айт. Фразеологизмдерді қолдан.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мерейтой қандай той?
2. Мерейтойда қандай салт-дәстүр жасалады? Өлеңді мәнерлеп оқы. Ойыңды айт.

Бүгін — менің туған күнім, ой, бәле-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?!
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарыптай-ақ қойғаны-ай!

Мына дүние неге жатыр үндемей,
Алаулатып тойдың шоғын үрлемей?!
Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,
«Мынау — шапан, мынау — атың, мін!» — демей!

Мұқағали Мақатаев



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлең мазмұнын түсін.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің!
Дәл қай күні екенін айта алмаймын...
Бірақ, бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын!

Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір
ән салмай,
**Жиырма бестің бәрін
де сабылдыртам,**
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам!
Інілерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін!

Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,
Ақ көңілімен ақ қайың бүртігіндей,
Омырауынан бір сәуір шайқап-есіп,
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Мен өзім де ән салам түн ауғанша,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!
Бәйгі берем жығылған палуанға да,
Адалдығы сезіліп тұрар болса!

Қыз қуатын жігітке ат беремін,
«Жанам!» деген жүрекке от беремін!
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін!

Мен, сөйтіп, бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен, сөйтіп, рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін, талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның...

Телеген Айбергенов

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлең мәтінінен бейтаныс сөздерді тауып, сөздік жұмысын жаса. Сөздікке сүйеніп, өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айт. Шартты райлы етістіктерді қолдан.

Үлгі: Бір тойым болса, ешкімді билетпей қайтармаймын. Қарттар да бір ән салмаса, үйіне қайтпайды.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңдегі тірек сөздерді анықта. Есімдіктердің түрлерін ажыратып, кесте түрінде жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлең мәтініндегі сөздерді топтап жазып, кестені толықтыр.

Туыстық атаулар	Дәстүр атаулары	Ақын әрекеті

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Парталас досың екеуің өлеңнің негізгі идеясы, мазмұны туралы диалог құрыңдар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Төлеген Айбергенов туралы айтқан замандастарының пікірлерін оқы. Ақын тұлғасына тән қасиеттерді диаграмма түрінде жаз. Маған жастардың ішінен марқұм Төлеген Айбергеновтің қарапайым ғана адамдық мінезі қатты ұнаушы еді (*Фабит Мүсірепов*).

Төлеген — өлеңнен жаралған жалынды жас еді (*Сырбай Мауленов*).

Ақынның сағынышты саздары өлмес жыр боп өмір сүріп жатыр. Әр жолындағы ынтызар ықылас, нәзік наз, майда мұң замандасқа, заманға, өмірге деген құштарлықты, өнерге деген сағынышты жаңғырта беретін сияқты (*Тұтқабай Иманбеков*).

Төлеген Айбергенов — қазақ поэзиясына бетбұрыс әкелген ірі талант (*Мылтықбай Ерімбетов*).

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Осы тақырып аясында өзің танысқан өлеңдері арқылы Төлеген Айбергеновтің ақындығы мен азаматтығы туралы шағын пікір жаз. Пікірде мына сұрақтарға жауап бер:

1. Төлеген Айбергенов кім?
2. Оның шығармашылық жолы қандай?
3. Төлеген ақынның шығармашылық ортасы қандай?
4. Ақынның азаматтық бейнесі неден көрінеді?
5. Төлеген Айбергенов өлеңдерінде ұлттық және жалпыадамзаттық қандай құндылықтар бар?

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

ОЙТАРАЗЫ

ЕСТЕ САҚТА!

Қыз қуатын жігітке ат беремін,
«Жанам!» деген жүрекке от беремін!
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін!

Мен, сөйтіп, бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен, сөйтіп, рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін, талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның...

Төлеген Айбергенов

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-12-
сабақтар

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Пікірлерді оқы. Онда не туралы айтылғанын анықта. Авторлардың тұжырымын өз ойыңмен байланыстырып айт.

«Біз қазақ ұлтының алдында қарыздармыз. Жазушы болсаң, Орынбай ақсақал жайлы міндетті түрде жаз», — деп, әкем маған аманат тапсырған еді. Сондықтан әкемнің соңғы парызын орындап, Орынбай ақсақал туралы пьеса жаздым (*Лаврентий Сон*).

Фильмде шарқ ұрған һәм шарасыз жанар да, көмек қолын созған аялы алақан да, мейірімнің мекеніне айналған жүрек те, ақ, адал достық та, бір атаның баласындай болған бауырмалдық та, бір күпіні бірге жамылған кеңшілік те көрініс табады. Осынау ұлы құндылықтар, биік қасиеттерге қиын-қыстау заман мен саясат та салқынын тигізе алмайтынын кино кейіпкерлері дәлелдейді (*Динара Ізтілеу*).

АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Төлеген Айбергеновтің өлеңдерінде суретте бейнеленген дәстүрлердің қайсысы туралы айтылған? Өлеңнің сол шумақтарын оқы.





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Аквариум» тәсілі. Парталас досың екеуің «Қазақстан халқы ассамблеясы» тақырыбында сұхбат құрыңдар. Ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге сүйеніп, бірің — тележурналист, бірің — ассамблея мүшесі ретінде ассамблеяның мақсаты, ұстанған бағыт-бағдары, аймақтағы филиалдары мен атқарылып жатқан істер жайлы айтыңдар. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Қазақстан — достық пен татулық мекені» тақырыбында постер жаса. Тақырып бойынша алған біліміңді, меңгерген жаңа сөздерді пайдалан. Шартты рай формасындағы етістіктерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тақырып бойынша өткен материалдарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

«V» – Бұрыннан білемін	«–» – Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	«+» – Мен үшін жаңа ақпарат	«?» – Келісе алмаймын, білгім келеді

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Мақал-мәтел

Тістем нанның қадірін тарыққанда білерсің,
Анық достың қадірін зарыққанда білерсің.

Жартыны жарып жеген — татулықтың белгісі.

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсінуді;
- орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдауды;
- тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды пайдаланып, ауызша мәтін құрауды;
- идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасауды, мазмұнның дамуын салыстыруды және талдауды;
- публицистикалық стильдің (жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтауды;
- прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтауды, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе образына баға беруді;
- эссені құрылымы мен дамуын сақтап жазуды;
- жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазуды;
- етістіктің бұйрық райының қызметін білуді, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдануды **үйренесің**.

Кәсіп — бақыттың шырағы

1-2-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Кәсіп» деген не?
- Кәсіп таңдаудағы негізгі мақсат қандай?
- «Кәсіп — бақыттың шырағы, еңбек — ырыстың бұлағы» дегенді қалай түсінесің?
- Келешекте қандай кәсіпті меңгергің келеді?

ЖАҢА СӨЗДЕР

қамтамасыз, бірлестік, егіншілік,
өңір, шаруа, кәсіпкер, серіктес,
орта, құпта

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Қанатты сөздерді жаз. Осы сөздердің біреуін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

- Ер айнасы — еңбегі.
- Есесі қайтпас еңбек жоқ.
- Бір басты асырайтын — екі қол.
- Шеберлік — шегі жоқ байлық.
- Уақытын есептемеген ұтылады.
- Еңбекке бейім болсаң,
Қатарыңнан кейін болмайсың.
- Жұмыстың көзін тап,
Қисықтың жөнін тап.
- Ұқсата білген ұтады.

- Ауыр істен қорықпа,
Ауыр сөзден қорық.
- Алдымен істі тындырсаң,

- Кім ұрсар сосын қыдырсаң?!
- Қимылдаған қыр асар.
- Тасты тас қозғалтады.

М. Әлімбаев

ТІЛДІК БАҒДАР

Бұйрық рай

Бұйрық рай қимылдың, іс-әрекеттің тыңдаушыға (II жақ), бөгде біреуге (III жақ) немесе өзіне (I жақ) қаратылып, бұйыра талап, тілек айту мағынасын білдіреді. Бұйрық рай етістіктің түбірлерінің ерекше жіктелуі арқылы жасалады.

Бұйрық райдың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше:	көпше:
I жақ	барайын, келейін	барайық, келейік
II жақ	бар, кел	барыңдар, келіңдер
II жақ сыпайы форма	барыңыз, келіңіз	барыңыздар, келіңіздер
III жақ	барсын, келсін	барсын, келсін

Ескерту: Етістіктің бұйрық райы *-шы/-ші жұрнағы жалғанып та жасалады. Мысалы: мен барайыншы; сен баршы; сіз барыңызшы; ол барсыншы.*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Тақырып қой.

Қазақ халқының негізгі кәсібі малшаруашылық болған. Қазақ өзінің малын *қой-ешкі, жылқы, түйе, сиыр* деп төрт түлікке бөлген. Осы төрт мүлік малдың әрқайсысын шаруалар барынша өнімді, орынды пайдалана білген. Мал бағудың өзіндік әдістерін, малды күтіп-баптаудың тәсілдерін жете меңгерген. Жайылымдарды жыл мезгілінің төрт



меңгіліне байланысты тиімді пайдаланып, көшіп-қонып отырған. Жайылымдар *қыстау, көктеу, жайлау, күздеу* деп аталған.

Қазақ халқы егіншілікпен де айналысқан. Оңтүстік өңірде ежелгі Сауран, Тараз, Отырар қалаларының маңайында ескі арықтардың ізі сақталған. Егінші қазақтың ертеден өсірген дақылдары — тары, күріш, жүгері, арпа, сұлы. Сонымен бірге бау-бақша да еккен.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясы

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

1. Қазақ халқы... негізгі кәсібі малшаруашылық болған. 2. Тас... тас қозғалтады. 3. Мал бағудың өзіндік әдіс...ін, мал... күтіп-баптаудың тәсілдерін жете меңгерген. 4. Ауыр іс... қорықпа. 5. Қазақ халқы егіншаруашылық... де айналысқан. 6. Егінші қазақтың ерте... өсірген дақылдары — тары, күріш, жүгері, арпа, сұлы.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді бұйрық рай тұлғасында жікте.

Үлгі: болған — болайын, бол, боласыз, болсын.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. М.Жұмабаевтың өлеңін тыңда. Өлең не туралы? Өлеңнің негізгі идеясы қандай?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты ары қарай жалғастырып айт. Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту, еңбекпен қамтамасыз ету туралы не білесің? Қазіргі таңда қандай кәсіппен айналысқан тиімді? Өз ойыңды айт.

Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға, еңбекпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлініп отыр. Орта және шағын бизнесті дамыту жүйелі жолға қойылуда. Кәсіпкерлікпен айналысуға жақсы мүмкіндіктер бар. Үкімет тарапынан қаржыландыру мәселесі де өз шешімін тауып отыр. Көптеген бірлестіктер кәсіпкерлерге серіктестік қолдау көрсетеді.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
Қыстау	1. зат есім. Малшылардың мал қыстауға арналған қысқы мекенжайы, қора-қопсысы. Қыста отыратын баспана, қыстақ. 2. етістік. а) Қыста етістігінің қимыл атауы; ә) қинау, зорлау, күштеу.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздерді пайдаланып сөйлем құра.

Қамтамасыз ету, серіктес, егіншілік, шаруа, бірлестік, өңір, қолдау, көмек көрсету.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайындап, көршіңе қой.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ халқы малшаруашылық және егіншілікпен айналысқан. Олар малды «төрт түлік» деп атап, өз қажетіне ұтымды пайдаланған.

Еңбек — ырыстың булағы

3-4-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Еңбек», «еңбексүйгіштік» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?
- Қандай адамды «еңбекқор» дейміз?
- Сендердің қазіргі негізгі еңбектерің қандай?
- Еңбек адамға не үшін қажет?
- Өздерің қандай еңбекпен айналысқанды ұнатасыңдар?
- Адамның бойында қандай қасиеттер болғанда жетістіктерге жетуге болады?



ЖАҢА СӨЗДЕР

еңбекақы, кәсіпқой, жарнама, сый-құрмет, құрал-жабдық, пайда, мамандан, сенімді, өтімді, іскер, игер, зейнет


АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Қандай еңбек түрлерін көріп тұрсың? Айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Диаграмманы толтыр.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Диалогті ары қарай жалғастырыңдар.

- Балам, «Еңбекпен келген нан тәтті» деген сөздің мағынасын білесің бе?
- Әрине, әке, білемін ғой.
- Олай болса, қазіргі сенің негізгі атқаратын еңбегің — сабақ оқу, мектепте, үйде қолғабыс жасау. Сенің бізге тигізетін пайдаң да осы. Мен жақында өз кәсібімді ашпақшымын. Сонда маған да көмектесесің.
- Әке, кәсіп ашу үшін мамандану қажет емес пе?
- Иә, мен агрономмын ғой. Сондықтан биыл жылыжай ашып, жеміс-жидек өсірсем деймін.
- Ол үшін не істеу керек?
- Осы саланы жақсы меңгерген іскер, сенімді әрі кәсіпқой мамандарды жұмысқа аламын. Оларға жоғары еңбекақы төлеймін. Қажетті құрал-жабдықты сатып аламын. Өтімді ауылшаруашылық өнімдерін игереміз. Өнімдеріміз туралы жарнама дайындаймыз.
- Әке, бизнес-жоспарыңыз қандай керемет! Мен сіздің идеяңызды құптаймын. Жарнама дайындауға көмектесемін.
- Өте жақсы. Жұмысымыз оңға басса, әлі-ақ сый-құрметке ие боламыз. Еңбегіміздің зейнетін көреміз.

-
-

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	еңбекпен	а	жоспар
2	нан	ә	боласың
3	қолғабыс	б	шаруашылық
4	бизнес	в	дайындаймын
5	көмектесетін	г	тәтті
6	жарнама	ғ	ашпақшымын
7	жақында	д	ету
8	ауыл	ж	келген



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мақал-мәтелдерді тыңда. Қажет сөздермен толықтырып жаз.

Қажет сөздер: етікші, жер, еңбек, соны, атын, ертеңі, ер.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

«Мектепте, үйде қолғабыс ету» дегенді қалай түсінесің?

.....

Қалай ойлайсың, қай кәсіппен мал табуға, мұратқа жетуге болады?

.....

Қазіргі жастардың еңбекке көзқарасы қандай?

.....

Біз бірінші кезекте кімнен өнеге алуымыз керек?

.....

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. www.youtube.com сайтынан «Елбасының еңбек жолы қалай қалыптасты?» деп аталатын бағдарламаны тыңда. Елбасымыздың өмірі мен еңбек жолы туралы айтып бер.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Етістіктерді бұйрық рай формасына қойып, сөйлем құра.

Білу, оқу, қолғабыс жасау, көмектесу, дайындау, төлеу, ашу, сатып алу, ие болу, игеру, өсіру.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Сөздер	Зат есім	Сын есім	Есімдік	Етістік	Үстеу
Сый-құрмет					
еңбек					
қолғабыс ету					
осы					
өнімді					
мамандану					
биыл					

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Еңбек — ырыстың бұлағы» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 50-70 сөз.

ЕСТЕ САҚТА!

Әкем жылыжай ашпақшы. Оған кәсіпқой, іскер мамандарды жұмысқа алмақ. Оларға жоғары еңбекақы төлемекші.

Еңбек ер атандырады

5-6-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мақал-мәтелдің жалғасын тап.

1. Ерлік елдікке
2. Егін екпей, жерге
3. Еңбек етсең,
4. Еңбек ер
5. Еңбек ептілікті

Қажет сөздер: өкпелеме, атандырады, жеткізер, сүйеді, емерсің.



ЖАҢА СӨЗДЕР

жаңғырту, қолжетімді, құпта, жеткіз, егер, айрықша, қиналыс, берекелі

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндерді оқы. Қай стильге жататынын айт.

1. ...Бүгін мен Қазақстанды үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырымын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық

өсімнің жаңа моделін құру қажет. ...Екінші басымдық — бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту. ...Бірінші. ...Бұдан былай Қазақстан азаматтары өз бизнесін жүргізу үшін ауылда да, қалада да 16 миллион теңгеге дейін шағын несие ала алады. ...Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру керек. Қазақстанның әр өңірі жаппай кәсіпкерлікті, соның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді шаралар ұсынуға тиіс (*«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауынан*).

2. Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында әлеуметтік-экономикалық, инновациялық жаңғырту үдерістерімен қатар ғылым мен білім салаларының алдына да маңызды міндеттер қойғаны белгілі.

Президент өз сөзінде: «Біз жоғары оқу орындары, Назарбаев университеті және «Алатау» инновациялық технологиялар паркі базасында өзіміздің ғылыми және инновациялық әлеуетімізді дамытуымыз керек», — деп нақты айтты. Жолдаудың тағы бір маңызды міндеті ретінде жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін беруіміз керектігін тілге тиек етті (*«Ана тілі» газетінен*).

3. Еңбек — адам өмірінің мәні. Ешкім де онсыз мұратқа жетіп, биікке шықпайды. Маңдай термен тапқан нанның да дәмі тәттілеу. «Еңбек ер атандырады», — дейді халқымыз. Сондықтан да тіршілікте бағы жанып, абыройы асқандардың барлығы да — қажырлы еңбекпен биікке жеткен адамдар. Еңбексіз адам ешқандай жетістікке қол жеткізе алмайды. Елімізде елеулі еңбек етіп жүрген адам өте көп. Олардың барлығы да құрметке лайық (*«Астана ақшамы» газетінен*).

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Бәсекеге қабілеттілік, экономикалық өсім, бизнес-орта, түбегейлі жақсарту, отбасылық кәсіпкерлікті дамыту, кешенді шаралар, инновациялық жаңғырту, берекелі ел, қажырлы еңбек, жетістік, маңдай тер.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті тыңдап, мәтіндегі ақпаратпен толықтырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Дереккөздерден «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған тұлғалар туралы мәлімет жинап, қысқаша мәтін құрап жаз.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Төмендегі сөздер мен тіркестерді пайдаланып, ауызша сөйлем құра.

1. Мұрнына су жетпеді (уақыты болмады).
2. Ақсаусақ (қолынан еш нәрсе келмейтін).
3. Бел шешпеді (тоқтамай жұмыс істеді).
4. Бел жазды (сәл демалды).
5. Өкпесі өшті (шаршады).
6. Ауызбастырық (пара, ақы).

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сенің өлкеңде еңбегімен елге танылған қандай адамдар бар? Ол кісілер туралы фотоколлаж дайында.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Етістіктерді пайдаланып, сөйлем құра.

1. Жаңғыртайыншы, қой, қамтамасыз етесің, жақсартыңыз, кеңейтсін, жүргізіңдер, алайыншы, қолдаңыз, жетілдірсін, дамытыңдар, ұсынсын, айтайыншы.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Диаграмманы толтыр.



ЕСТЕ САҚТА!

Н. Ә. Назарбаевтың жолдауында отбасылық кәсіпкерлікті, орта бизнесті дамыту туралы айтылды. Кәсіпкерлерге қолдау көрсету жөнінде тапсырмалар берілді.

Саятшылық

7-8-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

қақпан құру, саятшылық,
күнкөріс, көңіл көтеру

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді пайдаланып, мәтін құра.

1. Жолаушының кешіккеніне сүйсінбе, аңшының кешіккеніне сүйсін.

2. Құмай тазы қуғанын алады.

3. Саятшылық сабырлыққа жарасар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша 4 сұрақ дайында.

Аңшылық-саятшылық — қазақтың **байырғы** да **қосалқы** кәсібі, сондай-ақ көшпелілер үшін күнкөріс әрі көңіл көтеру дәстүрі. Бұл кәсіптің маманын **аңшы** әрі **саятшы** деп атаған. Аңшылықтың бейнеті көп, еңбек шығыны аз, бірақ табысы **құнды**. **Бағалы** аң терісі, еті, қауырсыны, мамығы қай-қайсысы да адамдардың қажетіне жараған. Құрал-сайманның үнемі жетіліп отыруы аңшылықтың да өзгеріп отыруына әсер етті. Ертеде адам ор қазып, тор, тұзақ, қақпан құрған, кейін ит қосып, құс салған, садақпен, мылтықпен атып алған.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясы

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің антонимін жаз. Осы антонимдерді пайдаланып, сөйлем құра.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Аң аулаудың кең таралған тәсілі қандай?
- Аңшы қақпандарын қалай тексереді?
- Қақпанды тексеруге шыққанда итті неге ертпейді?
- Аңшының қолында не болуы керек?

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- Әлібек, сен аңды садақпен атып алу туралы білесің бе?
- Иә, ...
- Садақты ... жасайды?
- Садақты қатты ағаштан ...
- Аң аулауда ... тәсілдер қолданылады?
- Аңның жүретін жолына ор қазып қойған.
- «Сонар» деген не?
- Ең алғашқы ұлпа қар жауған күн. Бұл күні аңдардың ізі анық көрініп жатады. Аңшылар осы ... асыға күтетін болған. Сонар туралы қай ақын жырлаған? Білесің бе?
- Әрине, білемін. ... атты өлеңі бар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Синектика».

Қақпанға түскен қасқырдың атынан аңшыға хат жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Аң аулаумен айналысқан адамды «аңшы» немесе «саятшы» деп атаған. Аң аулаудың түрлі тәсілдері бар. Маған аңшылық кәсіп ұнайды, бірақ аңдарды айймын.

Ораз — Құсбегі

9-10-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

құсбегілік, томаға, қаршыға, қырғи, тұйғын, қол үзбеу, сауға

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құра.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөйлемдегі етістіктерді бұйрық рай тұлғасына қойып жаз.

1. Құсбегілік көңілді, әсерлі, қызығы мол демалыс саналады.
2. «Құсбегі» деп аң аулау мақсатымен бүркіт, қаршыға, қырғи сияқты жыртқыш құстарды қолға үйрететін адамды айтады.
3. Құс салуға бір-неше кісі шығады.
4. Қыран ұстаған құсбегі биіктеу жерге барып тұрады.
5. Қалғандары дабыл қағады, аң мен үйрек-қазды үркітеді.
6. Құсбегі оларды көре салып, қыранның томағасын ағытып, ұшырады.

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Жанрын анықта.**Саятшы Ораз**
(үзінді)

...Саятшы Ораз мылтықшы екен және жалғыз оқты шитімен ғана атады екен. ...Ораздың мылтықшылығы осындай болса, құсбегілігі одан да бетер болған. Есін білгелі қыс бүркіт салудан, жаз қаршыға мен тұйғын салудан қол үзбеген.

— Менің малым көп, — деп қалжыңдайды екен Ораз.

— Қайдағы мал? — деп сұрағандарға:

— Көктің құсы, жердің аңы түгелімен менікі. Олар барда мен аштан өлмеймін, көштен қалмаймын, — дейді екен.

Ораз әр күні қоржынын толтыра аң әкелмей қоймайды екен. Соның бәрін өз пайдасына жұмсаса, оның байып кетуі мүмкін ғой. Бірақ өйтпейді Ораз. Ол атқан я ілдірген аңдарын адамдарға үлестіріп, өзі үйіне бірер күнге азық әкеледі екен.

Ораз қыстыгүні күзен, тышқан, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды да көп аулаған. Бірақ солардың да терісін сатып, пайда қылмай, кім көрінгенге сауғаға бере берген.

Оның аса дос көретін тобы балалар еді. Жазда, қыста аңға шықса, қасында балалар қаптап жүретін. Сауғасын ол балалардан да аямай, күндік олжасын үлестіріп беретін. Бүгін құр қалған баланы ертең риза қылатын.

...Жасы алпыстарды орталаған Ораздың денесі тіп-тік, жүрісі шапшаң. Ол ит терісінен істеген үлкен биялайын оң қолына киеді де томағалы бүркітін жұдырығына қондырып:

— Ал, кәне, жүріңдер, балалар! — деп жөнеле береді.

Сәбит Мұқанов

ЖАЗЫЛЫМ**4-тапсырма.** Мәтіннен Ораздың бейнесін көрсететін жерлерді тауып, оған мінездеме жаз.**ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын баянда. Мәтіннің негізгі идеясын анықта.

«Қыран» федерациясы, «Саят» ұлттық спорт түрі, республикалық жарыс, құсбегі, баптап жүрген, бүркіт, қаршыға, қоян, түлкі, сынға түсті, ұстау, жарысты, «Мәдени мұра» бағдарламасы.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, Ораздың қандай адам екенін айт. Өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мына жайттарды ескеру керек: ... ».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздерді сәйкестендір. Осы тіркестерді пайдаланып, сөйлем құра.

мылтықшы	салу
есін	үзбеу
жалғыз	көп
тұйғын	аңы
қол	білгелі
көктің	екен
жердің	құсы
малым	оқ

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қазақ халқының қыран құсқа қатысты сөз айшығының бірін таңда. Өз пікіріңді дәлелде.

- Көк тәңірі
- Құс патшасы
- Аспан еркесі
- Қанаттылар ханы

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Түсіндірме сөздікті немесе kitap.kz сайты пайдаланып, төмендегі сөздердің мағынасын анықта.

Сауға, қол үзбеу, томаға, көштен қалмау, олжа.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Дереккөздерден Қазақстандағы құсбегілік туралы материалдарды жинап, фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен құсбегілік туралы білдім. Маған құсбегі болған ұнайды. Бүркіт, қаршыға, қырғи — қыран құстар.

Қайырымды Ораз

11-12-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ителгі, төсек тарту, жәрдемдесу

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттегі аңшы құстар туралы айт.



ителгі



қаршыға



бүркіт

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді бұйрық рай тұлғасында жаз.

Саятшылықтың ішінде иттерді қолға ұстап, үйретуді халық салбурын өнеріне жатқызған. Қазақ халқы иттерді тұқымы жағынан *дүрегей* және *тазы* деп екіге бөлген. Дүрегей иттер үйдің маңын, малдарды күзетеді. Аң аулайтын иттерді «тазы» деп атайды. Тазы — орташа ғана бойы бар, жүйрік ит. Жүйрік, алғыр тазыларды: «құстай ұшады», — деп мақтап, қыран құсқа теңеген. Содан «құмай тазы» дейтін атау қалыптасқан.

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Саятшы Ораз (үзінді)

... Ораздың қысқы соғымы қоян ғана. Оның үйі қоянды көбінесе сорпа қып емес, бәліш қылып жейді. ... Ораз — әңгімеші адам. Оның айтуынша, әкесі Қаша да аңшы болған. Ес білгелі әкесінің қасына еріп, аңшылықты кәсіп еткен. Оның аң аулау туралы небір тамаша әңгімелері болады. Сол әңгімелерді аса шеберлікпен айтып береді. Оның әңгімелері әсіресе бала-

лар үшін қызық. Жажап ертегі сияқты әңгімелері менің есімде күні бүгінге дейін сақтаулы.

Ораз аңнан қайтса-ақ, жұрт оның кеңесін тыңдауға жиналады.

— Бәйбіше, — дейді қонақтарын **жылы шыраймен** қарсы алған Ораз амандық-саулықтан кейін, — даярла бәлішіңді!.. Асқа дейін біз әңгіме соға тұрайық!..

... Әкем **төсек тартып**, жатып қалды. Үйде ұстар мал да, қаражат та жоқ. Енді қалай **күн көру** керек? Мұндай жағдайда «Ораз жәрдемдеспесе, сол жылы біздің үй аштан өлер еді» деп ойлаймын...

...Бір күні таңертең Ораз келді де әкемнің көңілін сұрап отырып:

— Ау, Мұқан! Шарифатта айтады екен: «Ең ауыр ақы — көрші ақысы», — деп. Маған биыл **көрші қондың** ғой. Бәрібір «иттің құлы итақайға» үлестіріп жатқан дүние. Сен оны намыс көрме, мен борыш көрмейін. Биыл қыс мылтықтың қарауылына, бүркіттің тұяғына іліккен олжаға екеуіміз ортақ болайық.

Осы **кеңестен** кейін екі үйдің дастарқаны қосылып кетті.

Сәбит Мұқанов

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді теріп жаз, мағынасын түсіндір.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

7-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып жаз.

1. Оның үйі (түлкі, қаз, қоян) көбінесе сорпа қып емес, бәліш қылып жейді. 2. Оның айтуынша, әкесі Қаша да (малшы, аңшы, егінші) болған. 3. Сол (ән, мақал, әңгіме) ол аса шеберлікпен айтып береді. 4. Ораз аңнан қайтса-ақ, жұрт оның (ақыл, кеңес, ұрыс) тыңдауға жиналады. 5. Мұндай жағдайда «Ораз (айтпау, жәрдемдеспеу, көрмеу), сол жылы біздің үй аштан өлер еді» деп ойлаймын...

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі Ораздың іс-әрекетіне баға бер. Ол қандай кейіпкер?

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдаңдар. Саятшы Ораз бен қазіргі уақыттағы қайырымды адамдардың іс-әрекетін салыстырып, ой бөлісіңдер.

- Кең болсаң, кем болмайсың.
- Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің.
- Қайырымдылық — ізгіліктің көрінісі.

ЕСТЕ САҚТА!

Ораз — қайырымды адам. Ол ұстаған аң-құсын қасындағы адамдарға үлестіріп береді.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-
сабақтар

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

1. Аңшы жасырынып, қасқыр болып ұлу арқылы қасқыр... , тышқан болып шиқылдау арқылы түлкі... шақырып, атып алатын болған. 2. Жақсы аңшы... қолындағы садақ өте сенімді қару. 3. Қазақтар жақсы көр... жүйрік тазысы... «құс... жаратылған құмай» деп бағалаған. 4. Аңшылық туралы әңгіме... арты күнкөріске кеп соғады. 5. Ораз... аңға ерте шығатынын білетін балалар оның үйі... маңайына жиналады.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

Со жылы кездескен адамдардың ішінде менің сәбилік есімде апам да, жездем де, басқалар да сақталмаған. Тек қана елесі сақталған жалғыз адам — Саятшы Ораз. Кейін ол адамның тұр-тұлғасын, кескін-кейпін айқын танып, қызыға қарап жүрдім.

Орта бойлы, кең маңдайлы, арқасынан асынған шиті мылтығы түспейтін адам еді ол... Оның үш мергендігі елдің есінде ерекше сақталған. Бір жазда, ел жайлауда отырғанда той болады. Тойға жиналған жұрт аспанның биігіне шығып ап, бір бозторғайды қуып жүрген тұрымтайды көреді. Тұрымтай бозторғайды әлденеше рет шалып, іле алмайды, тұрымтай шалған сайын бозторғай биіктеп ұша береді. Аздан кейін бозторғайдың екпіні бәсеңдеп, тұрымтайдың екпіні күшейе бастағанын көреді жұрт. «Апырай, енді шалады-ау бейшараны!..» — деп аяған жұрт шуласа бастаған кезде жиынның арасынан мылтықтың даусы гүрс ете қалады. Со кезде торғайды ілгелі жүрген биіктегі тұрымтай төмен қарай құлдырай құлайды.

Жұрт: «Не болды бұған?» — деп таңданса, тұрымтайды атып түсірген Ораз екен!

Сәбит Мұқанов

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сәбит Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесі кім туралы?
2. Саятшы Ораз қандай адам?
3. Ол немен айналысады?
4. Ол кімдерге көмектесті?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларында халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету мәселелеріне **ерекше** назар бөлінеді. Жұмыспен **лайықты** қамту — халықты әлеуметтік қамсыздандырудың негізі, адами **ресурстар** потенциалы дамуы мен іске асырылуының **маңызды** шарты. Әлеуметтік байлықтың өсуі мен өмір сүру сапасын жақсартудың негізгі құралы.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның **үшінші** жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында бірінші басымдықтың үшінші кешенді міндеті — еңбек нарығын жаңғырту.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Бұл заман — білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» деген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қанатты сөзін тақырып ретінде алып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Үшбу хат». Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа өзінді толғандырып жүрген еліміздегі мәселе туралы хат жаз. Хаттағы ойыңды осы тақырып аясында өткен материалдармен сабақтастыр.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

7-тапсырма. Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Кәсіп — бақыттың шырағы, еңбек — ырыстың бұлағы» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Біз ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық.

Н. Ә. Назарбаев

ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН:

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжауды;
- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуді, детальді ақпараттарды анықтауды;
- ауызша мәтіндер құрауда ықпал заңдылықтарын ескеріп айтуды;
- кесте, диаграмма, нұсқаулық, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдауды, баға беруді;
- перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтауды;
- қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізуді;
- мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, интервью жазуды;
- тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазуды;
- күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдануды **үйренесің**.

Су бар жерде дәулет бар

1-2-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

ауызсу, пайыз, қойма, лайланған, тола, біркелкі, ағын, текше, суармалы, тереңдік, тұнық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен тұратын жер қандай аймаққа (орманды, далалы, шөл, шөлейт) жатады?
2. Сен тұратын жерде өзен, көл бар ма?
3. Бар болса, қалай аталады?
4. Ол қайдан бастау алады?
5. Ол ағынды су ма? Ағынды емес пе?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қарап, Қазақстанның су бас-сейндерін анықтаңдар.



ТІЛДІК БАҒДАР!

Күшейткіш үстеу

Күшейткіш үстеу қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп не солғындатып көрсетеді.

Күшейткіш үстеулер: *өте, ең, тым, тіпті, әбден, аса, орасан* т. б.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Күшейткіш үстеулерді тап.

Су — адамзатқа ең қажет ресурс. Сусыз тіпті жәндіктер де өмір сүре алмайды. Суды адамдар өте жиі ішеді. Жолда әбден шаршадым.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Су — аса құнды табиғи ресурс. Елдің экономикасы, халықтың жағдайы суға тәуелді. Әсіресе **ауызсу** мәселесі өте маңызды. Ауылшаруашылыққа барлық судың 80-90% пайдаланылады.

Судың 40 **пайыздан** астамы көрші мемлекеттерден келеді. Сондықтан Қазақстан көрші мемлекеттерден келетін суға тәуелді. Қазақстанда 8 өзен

бассейні бар. Бассейндердің жетеуі — трансшегаралық өзен. Нұра-Сарысу **суқоймасы** ғана трансшегаралық өзен емес.

Қазақстан жерінде су ресурсы **біркелкі** емес. Шығыс аймаққа су ресурсының 34,5% , оңтүстік-шығысқа — 24,1%, оңтүстікке — 21,2%, батысқа — 13,4%, солтүстікке — 4,2%, орталық аймақтарға — 2,6% тиеді. Ең көп сумен қамтамасыз етілген — Шығыс Қазақстан облысы. Атырау, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында су тапшы. Маңғыстау облысында тұщы су жоқ.

Қазақстандағы 8 жарым мың өзеннің көбі **тұнық** емес. Таудан ағатын **лайланған** кішкентай өзеншелер. Көктемде **тола** ағады. Ал жазда көбі келіп қалады.

Ең ұзын өзен — Ертіс. **Ағыны** қатты. Оның ұзындығы 4 мың шақырымнан асады. 1400 шақырымы Қазақстан жерімен ағады. Ертіс Моңғол Алтайынан басталып, Зайсан көліне құяды. Есіл мен Тобыл өзендері — Ертістің салалары.

Ертістен кейінгі ұзын өзен — Жайық. Ол Орал тауларынан басталып, Каспий теңізіне құяды.

Ертістен екі есе кіші өзен — Сырдария. Іле өзені Сырдариядан аз ғана кіші. Іле Балқаш көліне бірнеше **текше** метр су құяды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


5-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлік не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп, айт.

Мен білетін ақпарат (V)	Мен үшін жаңа ақпарат (+)	Білгім келетін ақпарат (?)

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқып, диаграммадағы өзен бассейндерінің пайыздық мөлшерімен сәйкестендіріңдер. Диаграмманы дәптерге сызыңдар.


Балқаш-Алакөл, Шу-Талас, Арал-Сырдария, Жайық-Каспий, Тобыл-Торғай, Еділ, Ертіс және Нұра-Сарысу бассейндері.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, пирамидаға Қазақстандағы су ресурстарының бөлінуін өсу деңгейімен жаз. Оны баянда.

Шығыс аймаққа су ресурстарының 34,5%-ы тиеді, оңтүстік-шығысқа — 24,1%-ы, оңтүстікке — 21,2%-ы, батысқа — 13,4%-ы, солтүстікке — 4,2%-ы, орталық аймақтарға 2,6%-ы тиеді.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөзді жалға. Күшейткіш үстеуді тап.

Қажет сөздер: пайыздан, суқоймасының, тұнық, ауызсу, ағыны, тола, лайланған.

1. Жаһанда ... мәселесі өте маңызды болып отыр. 2. Қазақстандағы судың 40 ... астамы көрші мемлекеттерден келеді. 3. 8 өзен бассейнінің ... біреуі ғана трансшегаралық өзен емес. 4. Еліміздегі 8 жарым мың өзеннің көбі ... емес. 5. Олар — таудан ағатын ... кішкентай өзеншелер. 6. Көктемде ағады. 7. Ең ... қатты өзен — Ертіс.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Сауалнама» ойыны. Журналист ретінде берілген сұрақтарды пайдаланып, жаныңдағы адамнан сұхбат ал.

1. Сен тұратын жерде ауылшаруашылықтың қандай түрі бар?
2. Бар болса, ауылшаруашылыққа суды пайдалана ма?
3. Егер қалада тұрсаң, қалада судың маңызы қандай?

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалға.

Су ресурстарының 40%-дан астамы көрші мемлекеттерден келе..., Қазақстан суға тәуелді болмас еді. Қазақстанда 7 өзен бассейні трансшегаралық өзен болма..., суға бай мемлекет болар едік.

Қазақстан экономикасының дамуы елді сумен қамтамасыз етуге байланысты болма..., көрші елдерге тәуелді болмас еді. Ауылшаруашылықтың қажетіне барлық судың 80-90% пайдаланылма..., ауызсу мол болар еді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Су тапшылығы неге әсер етеді?
2. Су ресурстарының қанша пайызы көрші мемлекеттерден келеді?
3. Қазақстанда неше өзен бассейні бар? Олар қандай?
4. Бассейндердің нешеуі трансшегаралық өзен?
5. Ауылшаруашылық қажетіне қанша су пайдаланылады?
6. Қазақстан жеріндегі су ресурстары қалай бөлінген?
7. Әсіресе қай аймақтарда су тапшы?
8. Қазақстанда неше өзен бар?
9. Ең ұзын өзен қайсысы?

ЕСТЕ САҚТА!

Су — аса құнды табиғи ресурс. Судың 40 %-дан астамы көрші мемлекеттерден келеді. Қазақстан көрші мемлекеттердің жерінен келетін суға тәуелді. Қазақстанда 8 өзен бассейні бар. Оның сегізі трансшегаралық.

Әбдіжәміл Нұрпейісов — халық жазушысы

3-4-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

аласапыран кезең, жасымаған, қайсар, төзімді, намыс, мәжбүрлеп, жарылады, ызып кетеді, кек алады, жер аударды

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның қай аймағында балықшаруашылық бар?
2. Балық аулап көрдің бе?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.



Әбдіжәміл Нұрпейісов — драматург, публицист, әдебиет сыншысы, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы. Ә.Нұрпейісов 1924 жылы Қызылорда облысы Арал ауданында дүниеге келген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Ә. Нұрпейісовтің ең ірі туындысы — «Қан мен тер» трилогиясы. Ол үш кітаптан тұрады: «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу». Осы трилогиясы үшін жазушыға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Қан мен тер» трилогиясында 1913-1920 жылдары Арал өңірінде болған

тарихи оқиғалар бейнеленген. Жазушы бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға ауысып жатқан **аласапыран кезеңді** суреттейді.

Өмірдің қиын кезеңінде **жасымаған**, рухы мықты, **қайсар** адамның образын жасайды. Еламан секілді **төзімді** адамның күрескерлік рухы арқылы тұтас халықтың өмірін көрсетеді.

Балықшы жігіт Еламанның басынан көп қиындық өтеді. Ол өз **намысын** ғана емес, өзі секілді қарапайым адамдардың намысын қорғайды.

... Қыс мезгілі. Қатты дауыл болады. Соны біле тұра Шодыр (Федор) балықшыларды теңізге **мәжбүрлеп** шығарады. Қатты дауылда жұмсақ мұз **жарылады**. Балықшылар мұз үстінде желмен **ығып кетеді**. Қатты үскірік дауылда біразы өледі. Тірі қалғандары жағалауға оралады.

Өзі үшін де, жолдастары үшін де Еламан **кек алады**. Ол Шодырды ұрады. Еламанды соттап, **жер аударарды**. Қайтып келген Еламан отбасын құрып, өмірге араласады...

Трилогия негізінде Ә. Нұрпейісов драмалық туынды, киносценарий жазды. Сценарий бойынша «Қан мен тер» атты көркем фильм түсірілген.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестіріп жаз.

Мәтіндегі тірек сөз	Мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	Мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. аласапыран	аласапыран кезең	аласапыран уақыт, ...

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов кім?
2. Ол кісі қай жақта туған?
3. Ә.Нұрпейісовтің ең үлкен шығармасы қалай аталады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, төмендегі әрекеттерді орында.

1. Берілген нұсқалардан тақырыптың идеясын ашатын сөйлемді тап.
 - а. Ә.Нұрпейісов 1924 жылы Арал ауданында дүниеге келген.
 - ә. Ә.Нұрпейісов Қазақстанның халық жазушысы.
 - б. Ол кісі 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан.

2. Сол идеяны негіздейтін, қолдаушы сөйлемді анықта.

- а. Ә.Нұрпейісовтің ең ірі туындысы — «Қан мен тер» трилогиясы.
- ә. Осы трилогиясы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.
- б. Арал өңірінде болған тарихи оқиғаларды бейнелеген.

3. Идеяны фактілермен, мысалдармен дәлелдейтін сөйлемді тап.

- а. Қатты дауыл болады.
- ә. Трилогияда Еламан секілді төзімді, қайсар адамның күрескерлік рухы арқылы халық өмірін көрсетеді.
- б. Қатты дауылда жұмсақ мұз жарылады.

4. Айтылған ойды қорытатын сөйлемді анықта.

- а. Ол Шодырды ұрады.
- ә. Еламан отбасын құрып, өмірге араласады.
- б. Трилогия негізінде «Қан мен тер» атты көркем фильм түсірілген.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Анықталған тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір абзацтан тұратын мәтін құрастыр.

Тақырыптық сөйлем:

1. ...

Қолдаушы сөйлем:

2. ...

Идеяны, фактіні дәлелдейтін сөйлем:

3. ...

Қорытынды сөйлем:

4.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасына сәйкес келетін күшейткіш үстеулерді жазып, сөз тіркесін құра.

Күшейткіш үстеулер: өте, ең, тым, тіпті, әбден, әрең, мүлдем, кілең.

Үлгі: мүлдем жасымаған, ... , ...

Қайсар, төзімді, намысты, мәжбүрлеп, жарылады, ығып кетеді, кек алады, жасымаған.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: аласапыран, жасымаған, өңіріндегі, намысын, қайсар.

1. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясында Арал ... оқиғаны бейнелеген.
2. Жазушы ... кезеңді суреттейді. 3. Өмірдің қиын кезеңіндегі ... , ... адамның образын жасайды. 4. Еламан қарапайым адамдардың ... қорғайды.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннің үзіндісіне сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.

Қыс мезгілі. Қатты дауыл болады. Соны біле тұра Шодыр (Федор) балықшыларды теңізге мәжбүрлеп шығарады. Қатты дауылда жұмсақ мұз жарылады. Балықшылар мұз үстінде желмен ығып кетеді. Қатты үскірік дауылда біразы өледі. Тірі қалғандары жағалауға оралады. Өзі үшін де, жолдастары үшін де Еламан кек алады. Ол Шодырды ұрады. Еламанды соттап, жер аударады. Қайтып келген Еламан отбасын құрып, өмірге араласады.

ЕСТЕ САҚТА!

Әбдіжәміл Нұрпейісов — халық жазушысы. «Қан мен тер» трилогиясының негізінде киносценарий жазды. «Қан мен тер» атты көркем фильм түсірілген.

Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (романның үзінгі)

5-6-
сабақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

*бағыты, тайызға, балықшы, ау,
кәсіп, шошып қалды, ашуланбай,
жадырап, оятын, жарамсыз, айдап
шығады*

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттердің ретіне қарай, тақырып пен мазмұнын болжап айт.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.**Қан мен тер
(романнан үзінді)**

Теңіз жайында әңгімелескен керемет! Әңгіме болатын: балықтың бағыты қалай, тереңге кете ме, тайызға шыға ма? Бүгін күн қалай батты, ертең жел соға ма, жоқ па?

Балықшылар бүгін Райдың үйіне жиналды. Олар теңіз жайында, балық жайында әңгімелесіп отырды.

Аттылы біреу есік алдына тоқтады. Аттан түсті. Атты байлап, сәлем беріп, үйге кірді. Кіріп келген Кәлен еді. Балықшылар Кәленді таныды. Балықшы жас жігіт:

— Аға, отырыңыз! Төрге шығыңыз, — деді.

Кәлен төрге шықпай, төмен отырып:

— Еламан, саған келдім, — деп ойындағысын бірден айтты. — Кәсіп іздеп келдім.

— Е, ат ұрлауды қойып, енді балық аулауға шықтың ба? — деді Рай.

Балықшылар шошып қалды. Кәлен асықпады. Ол ашуланбай, түк болмаған кісідей жадырап:

— «Бала ғой», — деп жүрсем, ержеткен екенсің, — деді.

Балықшылар жадырап сала берді. Еламан:

— Жарайды, шаруанды айт! — деді.

— «Саған кісі керек», — дейді ғой. Мені пайшерік қып алуға қалайсың?

Мұз оятын кісі керек пе?

— Ал, керек.

— Ендеше, мені ал!

— Шодырға бар... Билігі сонда.

— Міне, сөз! Ендігі жерде сендермен бірге жүріп көрейін.

Ертеңінде Еламанға Андрей келді.

— Сақ бол. Федоров: «Аудың барлығы жарамсыз», — деп жатыр. Ертең сені бар адамыңмен мұз үстіне айдап шығайын деп жатыр.

— Мұз әлсіз емес пе?

— Оны мен де айттым. Бірақ Федоров тыңдамайды. Сақ бол! Тек абайлап сөйлес! — деп кетті Иван.

Ә. Нұрпейісов

- Мәтінге ат қой. Оны дәйектеп айт.
- Мәтіннен антонимдерді тап.
- Мәтіннен бұйрық райлы етістіктерді тауып, жасалу жолдарын, жағын анықта.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестіріп жаз.

Мәтіндегі тірек сөз	Мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	Мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. ауызсу	ауызсу тапшы	ауызсудың сапасы, ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұн желісін толық баяндамай, етістіктер тізбегімен айт.

Үлгі: «Мақта қыз» ертегісі, сыпырды, тауып алды, жеп қойды, шақырды, төгіп тастады, жұлып алды, қайтарып берді.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Балықшылар балықтың (басы, аяғы, бағыты), тереңге кетуі, (бетіне, тайызға, соңына) шығуы туралы сөйлесті. (Мұнайшылар, басшылар, балықшылар) бүгін Райдың үйіне жиналды. (Қамшылы, аттылы, құлынды) біреу есік алдына тоқтады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде неше кейіпкердің аты аталады?
2. Олар қандай кәсіппен шұғылданады?
3. Олар не туралы сөйлесті?
4. Андрей Еламанға нені ескертті?

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңнен қандай жағдайда шошып қалатындарыңды, қай кезде жадырап, қай кезде ашуланып қалатындарыңды сұраңдар. Алдымен *шошыды, ашуланды, жадырады* деген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Етістіктің бұйрық райының сыпайы түрін анайы түрге айналдыр.

Үлгі: барыңыз — бар!

Балықшы жас жігіт: Отырыңыз! Төрге шығыңыз, — деді.

Кәлен төрге шықпай, төмен отырып:

— Еламан, саған келдім, — деді.

Еламан: Жарайды, шаруаны айтыңыз! — деді.

— «Саған кісі керек», — дейді ғой. Мені пайшерік қып алсаңыз, мұз оятын едім.

— Ал, керек.

— Ендеше, мені алыңыз!

— Шодырға барыңыз... Билігі сонда.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Үзіндіні оқып, ойыңды айт.

— Аға, отырыңыз! Төрге шығыңыз, — деді.

Кәлен төрге шықпай, төмен отырып:

— Еламан, саған келдім, — деп ойындағысын бірден айтты. — Кәсіп іздеп келдім.

— Е, ат ұрлауды қойып, енді балық аулауға шықтың ба? — деді Рай.

Балықшылар шошып қалды. Кәлен асықпады. Ол ашуланбай, түк болмаған кісідей жадырап:

— «Бала ғой!» — деп жүрсем, ержеткен екенсің, — деді.

Балықшылар жадырап сала берді.

- Кәлен неге ашулануы керек еді?
- Балықшылар неден шошыды?
- Балықшылар Кәленнен қорықты ма, қалай ойлайсың?

ЕСТЕ САҚТА!

Теңіз жайында әңгімелескен керемет!
Әңгіме болатын: балықтың бағыты
қалай, тереңге кетті ме, тайызға шыға
ма? Сақ бол. Федоров: «Аудың барлығы
жарамсыз», — деп жатыр. Ертең сені бар
адамыңмен мұз үстіне айдап шығайын деп
жатыр.

Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (романнан үзінгі)

7-8-
сабақтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Андрей Еламанға не туралы айтты?
2. Андрейдің ескертуі маңызды ма еді?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Оқып, түсіндір.

«Тілін тартпау», «тілін алмау» деген сөз тіркестерінде адамның дене мүшесі туралы айтылып тұр ма әлде адамның еркі, қимылы туралы айтылып тұр ма?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Етістіктің шартты райын анықта. Жасалу жолын түсіндір.

Үлкен адамдардың тілін алсаң, бата береді. Үнемі тіліңді тартпасаң, жамандыққа ұрынасың. Жұдырық ала жүгірсең, сені ешкім сыйламайды.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Еламан Федоровтың үйіне баса-көктеп кіріп барды. Еламан Федоровтың түсі қатты бұзылғанын көрді. Түсі ызғарлы, түрі ашулы.

— Біз мұз үстіне шықпаймыз. Мұз жұқа ... қауіпті... Мұз үстіне шығатын адамдар әр үйдің бір-бір азаматы ...

Федоров жұдырықпен балықшыны қойып жіберді. Жұдырық балықшының аузына тиді. Аузы қанап, көзі қарауытты. Еламан бойын жинап алды.

— Жоқ, біз мұзға шықпаймыз, — деп кесіп айтты да бұрылып жүре берді.

Федоров дірілдеген қолымен темені тұтатты. Ашуы басылып, азырақ жұмсарды.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ызғарлы, жұдырықпен, қойып жіберді, кесіп айтты, әжет, тілін тартпай, тілін алмасаң, бөгет, емдік

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Ертесінде өжет балықшы қазақ жігіті қайта есіне түсті. Жұдырық тисе де, тілін тартпай, қуарып алған қара сұр жүзі көз алдында тұр. Дереву Иван Курнос-ты шақырып алды.

— Аналарға бар. Бірі қалмай мұз үстіне шықсын. Егер ертең мұз үстіне шықпаса, менен жақсылық күтпесін. Бәрін қуамын.

— Мұз әлсіз емес пе екен?

— Ол сенің жұмысың емес.

— Дегеніңіз болсын. Мен: «Ау-құралдардан айырылып қаламыз ба?» — деп жатырмын.

— Жаңа құралды берме и точка!

Курнос бұрылып, жүре берді. Екі иығы салбырап үнсіз шығып бара жатқан түріне қарап, Федоров: «Ақымақ!» — деді ішінен.

Курнос балықшылардың ауылына келді. Ол балықшыларға Федоровтың сөзін өз сөзіндей етіп айтты. Көп ішінен Еламанға қарады. Тілін алмаса, орыс байы ау-құралын алып қоятынын Еламан білді. Өзімен бірге басқа адамдарды қиындыққа қалдырғысы келмеді:

— Өздерің шешіңдер! — деді балықшыларға.

Балықшылар ақылдасып, соңында: «Шодырдың айтқанына көнейік!» — деп шешті.

Суық жел соғып тұр. Қиғаш түскен қар адамның бетін тіліп тұр. Қаңтар айының ашуы сезіледі. Бәрі қорқынышын айтты:

— Сөз жоқ, дауыл болады.

— Мұз әлі әлсіз. Жел арқадан шықса, мұзды алады да кетеді.

— Шодырмен сөйлесіп көрсе, қайтеді?

— Ештеңе шықпайды. Оған ештеңе бөгет бола алмайды.

— Онда жүріңдер! Кеттік! — деді де Еламан аяғын тез басып жүріп кетті.

Ә. Нұрпейісов

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Еламанның Федоровқа айтқан сөздерін тауып, оқы. Еламанның Федоровқа қандай мақсатпен барғанын, не себепті мұзға шыққысы келмегенін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой.

Қажетті сөздер: жұдырық, кесіп айтты, өжет, тілін тартпай, қойып жіберді.

1. Федоров жұдырықпен балықшыны ... 2. ... балықшының аузына тиді. 3. «Мұзға шықпаймыз!» — деп ... 4. Ертесінде ... балықшы қазақ жігіті қайта есіне түсті. 5. Жұдырық тисе де, ..., қуарып алған қара сұр жүзі көз алдында тұр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұн желісін толық баяндамай, етістіктер тізбегімен айт.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестір.

Мәтіндегі тірек сөз	Мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	Мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. ызғарлы	түсі ызғарлы	ызғарлы жел, ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Сөйлемдерді оқып шық. Бірінші жақтан бұйрық беріп, қайта айт.

Бірі қалмай мұз үстіне шықсын. Егер ертең мұз үстіне шықпаса, менен жақсылық күтпесін. Бәрін қуамын.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен жазушының Еламанды суреттеген жерлерін тауып оқы. Оның қандай екенін сипаттап жаз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Еламан Федоровқа не үшін барды?
2. Федоров Иван Курносты қайда жұмсады?
3. Еламан не себепті балықшыларға: «Теңізге шығуды өздерің шешіңдер!» — деді?
4. Балықшылар не себепті Шодырдың айтқанына көнді?
5. Балықшылар неге күннің райынан қорықты?

ЕСТЕ САҚТА!

Біз мұз үстіне шықпаймыз. Мұз жұқа, қауіпті. Мұз үстіне шығатын адамдар әр үйдің бір-бір азаматы.

Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (үзінгі)

9-10-
сабақтар

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

алай-түлей, қақ жарып, түтігіп кетті, ығып кетті, дауыл, сең, быт-шыт, жарылды, сергелдең, үсік шалған, жұлынған, жаны ашитын

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Иван Курностың сөзінен кейін балықшылар қандай шешімге келді?
2. Еламан не себепті балықшылардың шешімімен келісті?
3. Еламан қандай адам? Ассоциограмма құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жазушы Ә.Нұрпейісов бейнелеген Еламан мен суреттегі Еламанды салыстыр. Қалай ойлайсың, Еламанның бейнесіне ұқсай ма?

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Қан мен тер» романынан берілген алғашқы екі үзіндінің негізгі оқиғаларын естеріңе түсіріңдер. Бірігіп, жоспар құрыңдар. Ары қарай оқиға қалай өрбуі мүмкін? Әр топ өз болжамдарын дайындап, жарияласын.



Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» спектаклінен көрініс. Еламан — Нұркен Өтеуілов.

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Теңіз жағасында екі адам жүр. Бірі — Курнос, бірі — Андрей. Кенет ышқынып, жел гулеп кетті. Қамыстар құлап, топырақ борап, дүние алай-түлей боп кетті. Андрей бір сұмдықты көрді: қатты соққан қара дауыл мұзды қақ жарып, ашып жіберді. Сіресіп жатқан мұз алға қарай жылжыды. Теңіз үсті түтігіп кетті. Ығып бара жатқан балықшылар көрінбей кетті. Андрей Курносты жағадағы қайыққа сүйрей жөнелді. Иван:

- Есің дұрыс па? — деп айқайлады.
- Әне, балықшылар ығып барады.
- Подумаешь! Ықса, барсын!

Андрей не істерін білмей, сергелдеңге түсті. Жанына Жалмұрат жүгіріп келді. Екеуі қайықты суға түсіріп, мінді. Жел қайықты ұшырып ала жөнелді. Олар жағадан ұзап кетті. Теңіз үстінің дауылы өте қатты, үйдей толқындар. Жалмұраттың зәресі ұшты. Басы айналды. «Құдай-ай, сақтай көр!» — деп жалбарынды. Андрей қайықты есті. Мұзда ыққан балықшыларға жете алмай, өздері адасты. Қараңғы түнде қайықты үлкен сең соқты. Қайық быт-шыт болды. Екеуі мұздың үстінде қалды.

Ал балықшылар теңізге шыққан соң жұқа мұз быт-шыт болып жарылды. Олар жан-жаққа ығып кетті. Балықшылардың біреуі суға құлап, үшеуі үсіп өлді. Біреуі шалажансар. Еламан, Кәлен, Мөңке, Дос, Рай ғана қалды.

Таң атты. Дауыл басылды. Бұлар ыққан үлкен мұз шыңға тірелді. Балықшылар: «Қаратүпті қара! Біз Қаратүптен шығыппыз», — деп шулады. Сақал-мұрты қырау, беттерін үсік шалған. Осы жерде балықшылар Жалмұрат пен Андрейдің денесін көрді. Өздерін іздеп шыққандарын түсінді. Андрейдің тырнақтары жұлынған. Мұз үсті қан. Өмір үшін жанталасқан. Жерді тырнағымен тырнаған. Андрей ақнөңіл еді. Промсолда балықшыларға жаны ашитын жалғыз адам еді.

Федоров балықшылардан ау-құралдарын сұрайды. Қатты ашуланған Еламан: «Сен неге адамдарды сұрамайсың!?» — деп, оны темір сүйменмен ұрады. Соққы Федоровтың қарақұсына тиеді.

Ә. Нұрпейісов

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Теңіз жағасындағы Андрей мен Курностың жолығуын оқындар. Осы қысқа үзіндіге сүйеніп, екі кейіпкерге салыстырмалы сипаттама беріңдер. Олар қандай адамдар?



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінге жоспар құрыңдар. Жоспарды басқа жұппен алмастырып, салыстырыңдар. Қажет болған жағдайда түзеңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Кенет ышқынып, жел (айқайлап, гулеп, дабырлап) кетті. Қамыстар құлап, топырақ борап, дүние (алай-түлей, тасырлап, жалтылдап) боп кетті. Андрейді бір (оқиғаны, суретті, сұмдықты) көрді: қатты соққан қара дауыл мұзды (кесіп, жапсырып, қақ жарып), ашып жіберді. Сіресіп жатқан мұз алға қарай жылжыды. Теңіз үсті (түтігіп, ашылып, қарайып) кетті. (Ығып бара, күліп бара, шашып бара) жатқан балықшылар көрінбей кетті.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҒЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жинақтау кестесін» толтыр. 1-бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен тірек сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға тірек сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестір.

Мәтіндегі тірек сөз	Мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	Мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
1. қақ жарылды	мұз қақ жарылды	ыдыс қақ жарылды, ...

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Ютубтағы» «Қан мен тер» романының аудиокітабынан 10 минут үзінді тыңда. Не туралы айтылғанын баянда.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дауылды күні Жалмұрат пен Андрей не себепті теңізге шықты?
2. Олар ыққан балықшыларды тапты ма?
3. Теңізге шыққан балықшылар қандай күйге тап болды?
4. Балықшыларды жел қайда айдап алып келді?
5. Балықшылар жолда не көрді?
6. Федоров пен Еламанның кездесуі немен аяқталды?
7. Еламанның орнында болсаң, не істер едің?

ЕСТЕ САҚТА!

Кенет ышқынып, жел гулеп кетті. Қамыстар құлап, топырақ борап, дүние алай-түлей болды. Қара дауыл мұзды қақ жарды. Балықшылар желмен ығып кетті.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-12-
сабақтар

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, су қорының нешеуі өз елімізден, нешеуі көршілес мемлекеттерден келетінін диаграммаға түсір.

Қазақстанның жер беті су ресурстары орташа сулылық жылдары 100,5 км³ болады. 56 км³ мөлшердегі су республика аумағынан шығады. Қалған су көлемі — 44 км³ көршілес мемлекеттерден келеді, атап айтқанда: Қытайдан — 18,9 км³, Өзбекстаннан — 14,6 км³, Қырғызстаннан — 3,0 км³, Ресейден — 7,5 км³.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Қан мен тер» романынан берілген үш үзіндіге ат қой. Оны дәйектеп айт. Үш үзінді неден басталатынын, немен аяқталатынын өз сөзіңмен жаз.

«Қан мен тер»	1-үзінді	2-үзінді	3-үзінді
аты			
басталуы			
аяқталуы			

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топ романның бір кейіпкерін таңдап, сипаттама берсін. Кейіпкерлер: Еламан, Андрей, Жалмұрат, Федор. Сипаттамаларды кейіпкердің іс-әрекетімен дәйектеп отырыңдар.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Үзінділерді негізге ала отырып, шығарманың композициялық құрылымын анықтаңдар.

1. Оқиғаның басталуы:
2. Дамуы :
3. Шиеленісуі:
5. Шарықтау шегі:
6. Шешімі:

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Суды үнемдеу қажет пе?» деген тақырыпқа өз ойыңды айт.

1. Қажет/қажет емес.
2. Менің ойымша, ...

БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ.

артықшылық — превосходство; преимущество
талап — стремление
өзекті — актуальный (-ая, ое; -ые)
білімпаз кісі — грамотный, образованный человек
кемшілік — недостаток

зертхана — лаборатория
әзірле — приготовить
үздік — отличный (-ая, ое; -ые)
зияткерлік — интеллектуальный (-ая, ое; -ые)

жаратылыстану — естествознание
қоғамтану — обществознание
ошақ — очаг
бөлін — делись
түйін — итог
ертелі-кеш — с утра до вечера
жеделдет — ускоряй

жарықтандыр — освещай
тың — свежий; бодрый; крепкий (-ая, ое; -ие)
зиялы — интеллигентный (-ая, ое; -ые)
тіркелуші — регистратор

ақшалай мөлшері — в денежном размере
арнайы тапсырыс — специальный заказ
«шығармашылық азабы» — «творческие муки»
сыналы қыш жазу — клинопись

САУДА ЖАСАЙ БІЛЕСІҢ БЕ?

сыйлық — награда; подарок; премия
назар — взор
арзан — дешёвый; дешево
тым — очень
уақтылы — своевременно

айналым — оборот; цикл
кіріс — приход
шығыс, шығын — расход

табыс — доход
сауда-саттық — торговля
әркім — всякий, каждый
кірісті есептеу — подсчитать доход
сатылым — продажа
ұтымды — выгодное; выгода
қолма-қол — моментально
сауаттылық — грамотность
пайым қылу — заключить; делать выводы
коммуналдық төлем — коммунальный платеж
төлем — оплата
төлемақы — зарплата
маржан — жемчуг

қаражат — средство; деньги; финансы
таразы — весы
азын-аулақ — немного
жарамдылық — годность; пригодность
анда-санда — иногда

түбіртек — квитанция
үнемдеу — экономить; сэкономить; беречь
күнделікті қалта шығыны — ежедневные карманные расходы
ақша жұмсау — тратить деньги
қолғабыс — помощь; содействие
тұрақты табыс — стабильный доход

ЖАҒАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

жағандық — глобальный (-ая, ое; -ые)
ысырап — растрата
дағдарыс — кризис
өндіру — производить
тасымалдау — перевозить
қажеттілік — потребность
уланады — отравление
ахуал — состояние
бітеді — заканчивается
балама — альтернатива
көрсеткіш — показатель
дәстүрлі емес — нетрадиционный (-ая, ое; -ые)
кездейсоқ — случайный (-ая, ое; -ые)

қатер — опасность
жаңашыл — новатор
шамамен — приблизительно
күтілуде — ожидается
сараптама — экспертиза
тарату — распространять

жүргізген — проведённый (-ая, ое; -ые)
бұрғылау — бурить
тереңдіктен — с глубины
бұрқақ — фонтан
атқылаған — бьют фонтаном
құрал — инструмент
жұлынады — выдергивают
алдын алады — предостерегают
байыт — обогащай

тақуа — благочестивый (-ая, ое; -ые)
бас тартады — отказывается
таңба — знак
дақ — пятно
құрсақ — живот; утроба
шарана — младенец
сауалнама — анкета
мәжбүрлемеңіз — не заставляйте
әрекет — способ
қанішер — кровопийца

ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ — ТАПТЫРМАС БАҚЫТ Т.АЙБЕРГЕНОВ «БІР ТОЙЫМ БАР...»

жылату — доводить до слез
қиыншылық — трудность
жан — душа
татулық — дружба
ынтымақтастық — солидарность
жанашыр — близкий человек; болельщик; близкий родственник
парасатты — интеллектуальный (-ая, ое; -ые)
адалдық — честность
жолдас — друг; товарищ
замандас — сверстник; ровесник

сөйтіп — итак; таким образом
берік — крепкий; сильный (-ая, ое; -ые)
ұйымшыл — дружный (-ая, ое; -ые)
жақындық — родство: близость

сәтсіздік — неудача; невезение
сыр — тайна
мәдениетті — культурный (-ая, ое; -ые)
игілікті — благотворный; благородный (-ая, ое; -ые)
көпшіл — общительный (-ая, ое; -ые)
кілт — ключ

залал — вред
күлдір — рассмеши
қызған — разогретый; раскаленный (-ая, ое; -ые)
жалған — ложный
сөйтіп — итак

той — мероприятие; праздник
дәреже — степень

КӘСІП — БАҚЫТТЫҢ ШЫРАҒЫ, ЕҢБЕК — ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ **С. Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі**

қамтамасыз ету — обеспечить
бірлестік — единство; товарищество
егіншілік — земледелие; полеводство
өңір — край
шаруа — крестьянин; хозяйство
кәсіпкер — предприниматель
серіктес — компаньон

еңбекақы — заработная плата
кәсіпқой — профессионал
жарнама — реклама
сый-құрмет — почет
құрал-жабдық — инструменты
пайда — польза
мамандан — получи специальность
сенімді — надежный (-ая, ое; -ые)
өтімді — влиятельный; ходовой (-ая, ое; -ые)

іскер — деловой (-ая, ое; -ые)
игер — освой; усвой; осваивай
зейнетақы — пенсия

қолжетімді — доступный (-ая, ое; -ые)
жаңғырту — возобновление; воссоздание
құпта — поддержки
жеткізу — доставка; доставлять
егер — если
айрықша — особенно
қиналыс — мучение; страдание

қақпан құру — расставить капканы
саятшылық — охота
күнкөріс — проживание
көңіл көтеру — веселиться

құсбегілік — укрощать птиц
томаға — колпачок для беркута
қаршыға — ястреб
қырғи — ястреб-перепелятник
тұйғын — тетеревятник
қол үзбеу — не прерывать связь
сауға — подарок

ителгі — сокол
төсек тарту — заболеть
жәрдемдесу — помогать

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ

ауызсу — питьевая вода
пайыз — процент
суқойма — водохранилище
лайланған — загрязненный (-ая, ое; -ые)
тола — наполненный (-ая, ое; -ые)
біркелкі — одинаковый (-ая, ое; -ые)
ағын — течение
текше — куб
суармалы — поливной (-ая, ое; -ые)
тереңдік — глубина

бағыты — направление
тайыз — неглубокий (-ая, ое; -ие)
балықшы — рыбак
ау — невод; сеть
кәсіп — специальность
шошып қалды — испугался
ашуланбай — не возмущаясь
жадырап — в хорошем настроении
оятын — режущий (-ая, ее; -ие)
жарамсыз — непригодный (-ая, ое; -ые)
айдап шығады — выгоняет

ызғарлы — суровый (-ая, ое; -ые)
жұдырықпен — кулаками
қойып жіберді — бьет; ударяет
кесіп айтты — сказал как отрезал
өжет — смелый (-ая, ое; -ые)
тілін алмасаң — если не буду слушаться
бөгет — дамба; заграждение

алай-түлей — вихрь
қақ жарып — разделить на пополам
түтігіп кетті — разозлился
ығып кету — уклонение
дауыл — ветер
сең — льдина
быт-шыт — хаос
жарылды — взорвался
сергелдең — хлопоты; мучения; страдания
үсік шалған — замерзнуть
жұлынған — оторванный (-ая, ое; -ые)
жаны ашитын — болеть душой

Мазмұны

1. Мен армандайтын мектеп	4
1-2-сабақтар. Білім. Ғылым. Инновация.....	4
3-4-сабақтар. Электронды кітапхананы пайдаланамын	10
5-6-сабақтар. Жоба жұмысын орындадым	14
7-8-сабақтар. Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»	17
9-10-сабақтар. Ғажайып планета — жанды планета.....	21
11-12-сабақтар. «Рухани жаңғыру» — тарих пен болашақтың алтын көпірі	24
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	28
2. Сауда жасай білесің бе?	
Абай Құнанбаев «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»	30
1-2-сабақтар. Досыма сыйлық таңдаймын	30
3-4-сабақтар. Сауда жасаймын	34
5-6-сабақтар. Ойшыл, суреткер ақын.....	37
7-8-сабақтар. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар».....	40
9-10-сабақтар. Базарға барамын	43
11-12-сабақтар. Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?.....	46
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	49
3. Жаһандық энергетикалық проблемалар	
Ш. Айтматов «Кассандра таңбасы»	52
1-2-сабақтар. Жаһандық энергетикалық дағдарыс.....	52
3-4-сабақтар. Болашақ энергиясы.....	58
5-6-сабақтар. Қазақстан — мұнай мекені	63
7-8-сабақтар. Ш. Айтматов «Кассандра таңбасы»	67
9-10-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	70
4. Достық пен татулық — таптырмас бақыт	
Т. Айбергенов «Бір тойым бар...».....	72
1-2-сабақтар. «Жерұйық» фильмі — ортақ тағдыр белгісі	72
3-4-сабақтар. Қазақстан — достық пен татулық мекені	77
5-6-сабақтар. Төлеген Айбергенов — лирик ақын.....	81
7-8-сабақтар. «Сендер — менің бақытымның бұлағы...»	85
9-10-сабақтар. «Бір тойым бар...».....	89
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	93

5. Кәсіп — бақыттың шырағы, Еңбек — ырыстың бұлағы	
С. Мұқанов «Саятшы Ораз»	95
1-2-сабақтар. Кәсіп — бақыттың шырағы	95
3-4-сабақтар. Еңбек — ырыстың бұлағы	99
5-6-сабақтар. Еңбек ер атандырады	103
7-8-сабақтар. Саятшылық	106
9-10-сабақтар. Ораз — құсбегі	108
11-12-сабақтар. Қайырымды Ораз	111
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	114
6. Қазақстанның су ресурстары.	
Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»	116
1-2-сабақтар. Су бар жерде дәулет бар	116
3-4-сабақтар. Әбдіжәміл Нұрпейісов — халық жазушысы	121
5-6-сабақтар. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (үзінді)	125
7-8-сабақтар. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (үзінді)	129
9-10-сабақтар. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» (үзінді)	132
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	135

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Электрондық оқулық



Оқу басылымы	Учебное издание
Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Қ.С. Жайлаубаева	Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова, Р. С. Рахметова, А. К. Рауандина, К.С. Жайлаубаева
Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек. Оқулық 1-бөлім	Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек. Учебник Часть 1
Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған	Для 8 класса 11-летней общеобразовательной школы с неказахским языком обучения
Әдіскер: Б. Қ. Мүкеева Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотосуретші: П. Михеев Мұқаба әрленімі: Д. Н. Буксикова Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев Беттеуші: С. Қыдырбай	Методист: Б. К. Мүкеева Редакторы: М. А. Рыскулов, О. С. Жубаева Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотограф: П. Михеев Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова Технический редактор: Д. К. Тынбаев Компьютерная верстка: С. Кыдырбай
01.09.20. басылымға жіберілді. 70×100 1/16 форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы: 11,6. Таралымы: 3800 «Реформа» ЖШС-нде басылған.	Подписано в печать 01.09.20. Формат 70×100 1/16. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная. Усл. печ. л. 11,6. Тираж: 3800 Отпечатано ТОО «Реформа»
«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022, Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А үй тел. +7 (727) 220 76 60 www.expert.study-inn.kz www.studymart.kz	ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022, г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А тел. +7 (727) 220 76 60 www.expert.study-inn.kz www.studymart.kz